

ПАВЛОДАР УНИВЕРСИТЕТИ

МАГИСТРАТУРА

“Қазақ әдебиеті және журналистика” кафедрасы

Магистрлік диссертация

**КӨРКЕМ АУДАРМАНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТИСІ  
(М.ӘУЕЗОВТІҢ “АБАЙ ЖОЛЫ” РОМАНЫ, И КИТАБЫ)**

521250 “Қазақ филологиясы”

Орындаушы 15.08.05 Аманжолова М.Б.  
(күні, қолы)

Ғылыми жетекші  
филол. ғылым. канд., доцент Абдуллаев 15.08.05 Тұрышев А.К.  
(күні, қолы)

Коргауға жіберілді:  
“Қазақ әдебиеті және журналистика” кафедра менгерушісі  
филол.ғылым.канд., доцент 15.08.05. Жұсіпова Г.К.  
(күні, қолы)

Павлодар, 2005

## ЖҰМЫС МАЗМУНЫ

Кіріспе	3
I. Болім. Көркем аударманың теориялық мәселелері	7
I.1 Аударманың жалпы және дербес теориясы	13
I.2 Аударманың тәсілдері	19
II.Болім. Аударманың лингвомәдени аспектісі	22
II.1 Лингвомәдениеттану ғылымының негізгі бағыттары	22
II.2 Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің лингвомәдени ерекшеліктері	26
II.3 Көркем аудармадағы лакун мәселесі (М. Әуезовтің “Абай жолы” романы, I кітабы)	30
 Корытынды	43
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	48

## KIPIСПЕ

Қазіргі уақытта көркем аударманың маңызы күннен-күнге артып келуде. Аударма ісінің дамуы мен оның нәтижелерін көптеген тілдерге аударылған көркем әдеби шығармалардан байқауға болады.

Ерте замандардан бері орыс халқы мен түркі халықтары арасында қарым-қатынас срнағаны бізге мәлім. Орыс-түркі тілдерінің өзара байланысының дамуы бірнеше тарихи кезеңдерден өтті. Ежелгі дәуір Киев Русі қалыптасқанға дейінгі біздің дәуіріміздің алғашкы кезеңдерін қамтиды. Біздің дәуірімізге дейін 6-7<sup>ff</sup>. славян халқы түркі-аварлармен, хазарлармен, басқа да түркі тайпаларымен тығыз сауда-саттық қарым-қатынас жасаған[52,4-5].

Ежелден орыс және түркі халықтары арасында тығыз қарым-қатынас срнағи, слардың территорияларының жақындасуына, сауда-экономика саласының нығаюына байланысты екі халық бір-бірінің тілдерін менгеріп, кос тілдің практикалық тұрғыдан игерілуіне кең жол ашылды. Осыған орай алғашкы толмач-аудармашылар пайда болды. Фалым А.Н. Кононов өзінің “История изучения тюркских языков в России” атты еңбегінде алғашкы аудармашы-толмачтар туралы былай дейді: “Частые поездки русских князей в Орду, общение с представителями Орды вызвали к жизни появление первых переводчиков-толмачей”[ 52, 5].

Ғалымдардың айтуынша, аударма бір тілден екінші бір тілге аударудың формаларын, түрлері мен тәсілдерін қамтиды. Аударма басқа ғылым салаларымен де тығыз байланыс жасайды әрі әлеуметтік, мәдени, шығармашылық, коммуникативтік қызметі бар біртұтас жүйе болып табылады.

Жалпы «аударма» сөзіне бірқатар сөздіктерде мынадай анықтама беріледі: «Мәтіннің бір тілден екінші бір тілге аударылуы; жолма-жол аударма; авторлық аударма». Аударма жұмысында бірқатар шетелдік, орыс және отандық ғалымдар өз пікірлерін ортаға салып, өз зерттеулері арқылы аударманың теориясы мен практикалық мәнін қатар қарастырып өтеді. Шетел ғылымиында аударма құбылышы жан-жақты зерттелген. Зерттеуші-ғалымдардан Дж. Кэтфордтың, М.А.К. Халлидейдің, Г.Егердің, Ж.Мунэннің, О.Каденің, К. Райстың, А.В. Федоровтың, Л.С.Бархударовтың, В.С. Виноградовтың, И.И. Ревзиннің, В.Н. Комиссаровтың, К.Чуковскийдің, С.Маршактың зерттеулері бар[32,74].

Қазақстанда көркем аударма теориясының өзіндік мектебі қалыптасқан. Қазақ аудармасының теориялық принциптері М.О. Әуезов, Ә. Сатыбалдиев, С. Талжанов, Н.Сағандықова, Қ.Әдібаев, Ұ.Айтбаев, Ф.Фаткулин т.б. ғалымдар еңбектерінен көрініс тапкан. Әсіресе қазақ көркем аудармасында XX ғасырдың 20-30ж. А.Байтұрсынов, М. Жұмабаев аудармаларының мәні зор болды. Қазақ ақын-жазушыларының проза және поэзиялық шығармалары әр түрлі халық тілдеріне көптеп аударыла бастаған.

Аударма - озге халықтардың мәдениеті мен мәдени ерекшеліктерінің көрінісін қабылдайтын форма тұрғысынан танылады. Тіл білімінде соңғы уақытта тілді жеке адаммен, оның ойлау өрісімен және рухани-практикалық

қызметімен байланыстыра қарастыру кен жолға койылған. Лингвистикада сөз етіле қоймаған тіпті жаңа салалар мен бағыттар қалыптасты (когнитивті лингвистика, антропологиялық лингвистика). Тілдің теориялық және практикалық қырына лингвист ғалымдар өзіндік ғылыми пайымдаулары мен көзқарастарын тұжырымдап өтуде. Осылардың қатарында бар болғаны бесалты жылдын төнірегінде “лингвокультурология” немесе “лингвомәдениетнама” деп аталатын жас бағытта аталып келеді.

Лингвомәдениеттану саласы жайында, жалпы бұл саланың объектілері, единицалары мен пәні жөнінде орыс тіл біліміндегі алғашқы көзқарастар В.Телияның, В. Воробьевтің, В. Маслованың еңбектерінен көрініс тапкан[36, 18].

Лингвомәдениеттану бағытының тілдік единицаларын В.А. Маслова тоғыз топқа бөліп карастырады[21,41].

- баламасы жок тілдік бірліктер катары мен лакуналар.
- мифологиялық тілдік бірліктерді (мәдениеттің, аңыздар мен дәстүрлердің тілге бекітілген дәстүрлі-тұрмыстық формаларын);
- тілдің паремиологиялық қорын (мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар);
- тілдік әдептілікті;
- тілдік этикет негіздерін;
- символдарды, стереотиптер мен эталондарды;
- бейнелерді;
- тілдің стилистикалық қорын;
- тіл мен діннің озара байланыстылығы;

Баламасы жок тілдік бірліктер немесе баламасыз лексика - халықтық ұлттық-мәдени ерекшеліктерін танытатын атаулар, реалийлер; ғалымдардың көрсетуіншіле, баламасыз лексика дегеніміз -- “слова, служащие для выражения понятий, отсутствующих в иной культуре и в ином языке, слова относящиеся к частным культурным элементам характерным только для культуры А и отсутствующим в культуре Б, а также слова, не имеющие перевода на другой язык, одним словом, не имеющие эквивалентов за пределами языка, к которому принадлежит”[20,56].

Лингвомәдениеттанудағы баламасы жок тілдік бірліктер катары мен лакуналарды М. Әуезовтің “Абай жолы” романының орыс тіліндегі аудармасы негізінде карастырып өттік.

Сонымен, төмендегіше негізде еңбектің жалпы құрылымдық ерекшелігін жік-жікке бөліп саралап көрсетуге болады.

**Зерттеудің озектілігі.** Қазіргі күні лингвистикада аударма мәселесі дербес, арнайы зерттеуді талап етеді. Бұл жайында М. Әуезов, С. Талжанов, Н.Сағанлықова, А. Алдашева, Қ. Әбілов т.б. айтып өткен. Аударматануда аударма теориясының негіздері, аударма әдіс-тәсілдері мен бірлік тұлғалары, аударманың нормасы, аударма ісіне қойылатын талаптар, аударматану ғылыминың объектісі мен ұстанымдары, оның ішінде лингвомәдениеттану объектісі ретінде қарастырылатын көркем мәтін мәселелері бүгінгі күнге дейін

ғылыми тұрғыдан толық анықтала қойған жоқ. Сондыктan тіл білімінің лингвомәдениеттану бағытының негізгі категорияларының бірі болып табылатын аудармадағы лакун мәселесі жөнінде токталуда, ең алдымен лакун түсінігінің мәні мен қызметіне, лакундық құбылыс тұрлерінің тілдегі сипатына, аудармадағы онын рөліне токталдық. Ұлы жазушы М.О. Әуезовтін “Абай жолы” романының екі тілдегі (казак және орыс тілдеріндегі) нұсқасын салыстыра отырып, мысалдар негізінде аудармадағы лакунның теориясы мен практикасын ашып көрсетуді жөн көрдік.

**Зерттеудің нысаны.** Біз ғалым Г.А. Қажығалиева әдісін негізге ала отырып, зерттеу объектісі ретінде “Абай жолы” шығармасын алдық. Әйткені, көркем аудармадағы лингвомәдениеттану ілімінде лингвокультурemanың бір түрі болып халықтың өзіндік бағалы сыр-сипаты бейнеленетін екінші моделдеуін жүйе түріндегі әдеби шығармалар жатады. Міне, сондыктан да біз жұмыстың нысаны етіп “Абай жолы” роман-эпопеясының екі тілдегі нұсқасын катар ала отырып, аударма негізінде көркем аудармадағы лакун мәселесіне көніл бөлдік.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Зерттеу мақсаты – “Абай жолы” романы бойынша орыс тіліне аударылған сөздер мен сөз тіркестерінің, сөйлемдердің лингвомәдени ерекшеліктерін анықтау, лакундық құбылыстың мәні мен маңызын айқындау. Осы мақсатқа сәйкес төмендегі міндеттер жүзеге асырылды:

➤ қазақ халқының дәстүрлі колөнеріне (киіз үй, ыдыс, мата және ұлттық киім атаулары) қатысты атаулардың аударылу ерекшеліктеріне мән бере стырып, олардың лакундық аспектісін қарастыру;

➤ қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығына тән атаулардың (оның ішінде, төл атаулары, ұлттық тағамдар, аң аулаудағы айла-тәсілдер) бір тілден екінші тілге аударылу мәні, олардың аудармадағы лакундық сипаты;

➤ қазақ халқының салт дәстүрлеріне байланысты атаулардың (ұлттық сыйын түрлері, асық түрлері) аудармадағы лакундық сипатын талдап айқындау;

➤ адамға байланысты атаулардың (адамның жасына, қызметіне, дене пішініне, мінез-құлқына байланысты атаулар) аударылуындағы баламаларды лакундық тұрғыдан саралап айқындау.

**Зерттеу жұмысының материалдары.** Бұл еңбекте біз қазак көркемсөз шебері М.О. Әуезовтің «Абай жолы» әдеби туындысын жұмысқа негізгі арқау етіп алдық. “Абай жолы” роман-эпопеясы-қазақ халқы әдебиетінің мақтанышы, оның ұлттық болмыс танымын, тарихи дәуірін дүниежүзі халықтарына танытатын оқшауы биік бірден-бір туынды.

Әр түрлі деңгейдегі сөздіктермен жұмыс жасай отырып, ұлттымыздың материалдық және рухани мәдениетіне қатысты атаулардың көркем аудармадағы лингвомәдениеттану аспектісі аясында қарастыра отырып, оларды лакундық тұрғыдан көрсетіп өттік. Жалпы, аудармадағы лакун қызметін айқындауда көркем әдеби шығарма негізінде картотека-мысал үлгілері жинақталып талданды.

**Зерттеу жұмысының әдістері.** Жұмыс барысында талдау, жинақтау, салыстыру, статистикалық, диахрондық және синхрондық әдістер қолданылды.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жанашылдығы.** Зерттеу жұмысының тақырыбының өзін зерттеудің жаңашылдығы деп айтуға әбден болады. Қазак көркем аударма мәселесінде лингвомәдениеттану ілімінің лакун құбылысының алғаш сөз етушілері катарында аталмыш ғылыми-зерттеу жұмысының зерттелінуі. Жұмыста ең алдымен лакун үғымына түсінік беріле отырып, оның түрлеріне тоқталынды. Тілдегі лакундық құбылыс түрлерінің мәні мен негізгі сипаты мысалдармен дәлелденілді. Аудармадағы баламасы жоқ тілдік бірліктер және лакуна арасындағы өзара ұқастықтар мен басты ерекшеліктер мысалдар арқылы түсіндірілді. Шығармадағы қазақ тіліндегі киім атауларының орыс тіліне аударылу мәні лакуна негізінде түсіндірілді.

**Зерттеу жұмысының нәтижесінің нақтылығы, дәлдігі, дәлелденуі.** Лакуна қызметтінің зерттелуінде нақты белгілі бір көркем әдеби шығармадан алынған мысалдар негізінде жұмыстың мәнділігін ашу және жан-жакты тұжырым жасау. Фалымдар тараңынан тұжырымдалған пайымдауларға сүйене отырып, лакун қолданысы мен қызметтін мысалдар арқылы дәлелдей тұсу.

**Зерттеу жұмысының тәжірибелік мәнділігі.** Зерттеу жұмысының нәтижелерін жоғары оқу орындарында лингвоелтану, аударма теориясы, салыстырмалы тіл білімі және диалектология пәндерінде кеңінен қолдануға болады.

**Коргауға ұсынылатын тұжырымдар.** Аударма теорияындағы ең басты қарастырылатын мәселе – көркем шығарманың түпнұсқасындағы ұлттық бастаманың өзара байланыстылығы мен өзара әрекеттілігі және оның басқа тілге аударылуындағы мәні. Көркем аударма мәселесінде бір тілден екінші бір тілге аударылған шығармаларда басқа ұлттың мәдениетінде кездеспейтін заттар, құбылыс-түсініктер екінші бір тілге аударылғанда **баламасы жоқ тілдік бірліктер** арқылы ғана көрініс таппай, сонымен катар лакуна категориясы негізінде де аударылады. **Лакуна** түсінігі біздің тілімізге латын тілінен енген. Берер мағынасы-бос кеңістік немесе мәтіндегі жетіспейтін орын, өткізіл жіберу, көбіне тіл білімінде және әдебиеттану ғылымында кеңінен қолданылады. Лакуналар нақты бір тілдегі кейбір сөздер мен түсініктердің екінші бір тілде болмауының негізінде пайда болады. Лакуна сөздер кандай да бір ұлттың мәдениетіндегі қажетсіз болса да белгілі бір аспектісінің маңызыз болінісінің нәтижесінде туындаиды.

**Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы.** Жұмыс ПаУ-дың магистратура институтының қазақ әдебиеті және журналистика кафедрасында кафедра талқылауынан өтті. Жұмыстың жалпы мазмұнын танытатын бір мақала Ш. Үәлиханов атындағы Қекшетау мемлекеттік университетінде 25-26 сәуір аралығында еткізілетін “Шоқан тағылымы-10” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарына берілді. Алдағы уақытта бір мақала ПаУ Хабаршысының №2 санына, С. Торайғыров атындағы ПМУ Хабаршысы, филология сериясының №2 санында жариялануы үшін екі мақала баспа бетіне берілді.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттіне байланысты жұмыс кіріспеден, үш тараудан және корытынды болімнен тұрады. Енбектің сонынан әдебиеттер тізімі берілген.

## I. КӨРКЕМ АУДАРМАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МЭСЕЛЕЛЕРИ

Ешбір байланыссыз әдебиет те, мәдениет те, ел де, қоғам да дамымайтындығы баршаға белгілі. Жер бетіндегі елдердің әдебиеті мен мәдениеті бір-бірімен тамырлас және олардың бір-біріне игі әсер етіп, рухани байлықтар алмасатындығы бізге мәлім.

Әрбір халықтын және бүкіл адамзаттың асыл мұраттарының ең бастысы – ел мен елдің, ұлт пен ұлттың достығы екендігі анық. Осы достықтың дәнекері, өрі халықтар арасын жағастыратын берік көпірлердің бірі – көркем әдебиет. Ал әдебиеттің өзара байланысы бір-біріне әсер етіп, байытуы қай заманда да көркем аудармасыз жүзеге асқан емес. Бүгінгі таңда дүние жүзінің күллі халқы сусындар рухани бастауға айналған көркем туындыларды ана тілімізде окуымыз да, қазак топырағында өмірге келген әдеби мұралардың, қазак ақындары мен жазушылары шығармаларының басқа тілдерде сөйлеуі де көркем аударма құдіреті екені ақиқат.

Зерттеуші С. М. Алтыбаева, М. Х. Маданова, Ф. Қажығалиева, А. Ә.Әбілов, А.А. Алдашева, Н. Сағындықова т.б. ғалымдар ұлттық мәдениеттердің, тілдердің бірін-бірі байытуында, рухани казыналардың барлық халыққа да ортақ байлыққа айналуында аударма өнерінің үлесінің мол екендігіне тоқталады[6, 5]. Қазак елі егемендік алған кезде, халықаралық карым-катьнас ұлғайып, рухани байлықтар молайған, әлемнің өркениетті елдерінің озық ойы мен ғылыминаң үйренуге үмтүлған тұста, аударманың, оның ішінде көркем аударманың мәні арта түсude. Осылан орай аударма теориясы мен практикасының да маңызы арта түсude.

Көркем аударма теориясы мен практикасына байланысты қазак филологиясы ғылымында біраз зерттеу еңбектер жазылғандығы жөнінде ғалым А.Ә. Әбілов әзінің “Көркем аударма шеберлігі” монографиясында көнінен сөз етіп өтеді. Ғалымның айтудынша, қазіргі күні көркем аударма мәселесінде сын мақаталар мен монографиялар, теориялық пайымдаулар және топшылаулар көп болғанымен, бұл – біздің елде көркем аудармаға байланысты мәселелер толық зерттеліп болды деген сөз емес,-дейді[12, 5]. Халықтар арасындағы рухани байланыс болады, ал көркем әдебиет байланысы бар жерде көркем аударма өнері жыл санап дами түссе, онда оны зерттеу мәселесінің де замана көшіне ілесе береді. Яғни, ғалымның көркем аударма өнері көркем әдебиеттің дамуымен, қоғамның өсуімен етene тығыз байланысты деген пікірін біз де қолдан өткеміз[12, 8].

Көптеген көркем аударматану ісіне қатысты шыққан зерттеу еңбектерінен қай елдің болмасын көркем әдебиетіндегі жетістік пен олқылық аударма өнеріне де, оның зерттелуіне де қатысты екенін байқадық. Яғни, “Аристотель тұсында теориялық талғам эстетикалық трактатқа айналды. Содан бергі он санғасыр бойына сөз онерінің табигаты күллі әлем көлемінде тексерілген үстіне тексеріліп келеді, бірақ ешкім талдалап бітіре алар емес және көркем сөз

күпиялары қопарылған сайын терендей түседі[12, 12]. Фалым А.Ә. Әбілов “аударма өнері төл әдебиетпен тел өссе, төл әдебиеттің өсуі көркем аударма көкжиегін кеңейтсе, екінші жағынан көркем ой асылдарының шеберлікпен тәржімалануы төл әдебиеттің өсуіне де өсер етеді. Олай болса, оның сан алуан мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеу де күн тәртібінен түспек емес. Аударма теориясына байланысты бір киын түйіннің шешілуі өмірге екінші бір проблеманы әкелері сөзсіз. Бұл - әдебиеттің, жалпы мәдениеттің зандаудыры. Бұл - өмір құбылысы”,-дегенге тоқталып өтеді[12, 15].

Көркем аударма өнерінің қазак топырағындағы дамып қалыптасуы – орыс әдебиеті классиктерінің және орыс тілі арқылы әлем сөз өнері зергерлері шығармаларының казақшаға аударылған тұсы болып табылады. Бір кезде тек мерзімді басылымдарда пікір, ұсыныс түрінде басталған аударма теориясы мен практикасына байланысты зерттеу жұмыстары келе – келе кең арнаға, ғылыми салаға айналды. Аударма өнерін зерттеудің тарихына көз жіберер болсак, ен алғашқы көркем аударма мәселесінде 1914 жылы “Айқапта” жарық көрген Сәкен Сейфуллиннің пікірінен бастап кейінгі еңбектердің көтерген мәселесі де, зерттеу бағыты мен әдісі де сан алуан түрлі. Аударма өнеріне қатысты қазақтың зиялды қауым өкілдерінен А. Байтұрсынов, М. Сералин, Ж. Аймауитов пікірлері болды. Дегенмен, аударма өнерін зерттеу көкейтестілігі күн тәртібіне қойылғанмен, халқымыздың ұлы ойшылдарының бірі – М. Әуезовтің 1936 жылы жарияланған “Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы” атты мақаласына дейінгі еңбектерде (мәселен, Б. Кенжебаевтің Абай аудармашылығы жайында 1925 жылғы, Е. Алдонғаровтың Пушкиннің “Саран сері”, “Тас мейман” поэмаларының қазақшасы туралы 1926 жылғы мақалалары.) ғылыми талдаулар мен тұжырымдар болған жок [12,16].

Қазак аударма теориясының алғашқы бастамаларына М. Әуезовтің “Ревизордың аудармасы туралы”, “Пушкин аудармасы казак әдебиетіне не берді?”, “Евгений Онегиннің казақшасы туралы”, “Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар” атты мақалалары дем берді. Сонымен қатар ғалымның 1937 жылғы 5 кантарда “Евгений Онегин на казахском языке” атты мақаласының жарық көруі қазақ әдебиеттану ғылымында шынымен де көркем аударма теориясының өмірге келгенін айқынтайтын бірден-бір құнды енбек болып табылады.

Көркем аударма мәселесінде өзіндік ой-пікірімен ғылыми тын тұжырымдар жасаған М. Қаратасевтың аударма өнеріндегі қыындықтар мен принциптерді, жетістіктер мен кемшиліктерді өңгіме арқауы еткен, аударма шығармалаларды туған әдебиеттің саласы ретінде дәлелдеген “Жұз жылдан кейінгі Пушкин”, “Пушкин мен Абай” атты екі мақаласының, Т. Жүргеновтің “Казахский перевод “Шахнаме” (“Казахстанская правда” 1. ІУ. 1935г.), Р. Жаманқұловтың “Пушкин өлеңдерінің аудармасы жөнінде бір – екі сөз ”(“Әдебиет майданы”N4), К. Өтеповтың “Мыс салт атты” поэмасының аударылуы”(“Қазақ әдебиеті”8.III.) атты мақалаларының 1937 жылы жарық көруі бұл іске өсер етті. Біздің ойымызша, отызыншы жылдар еншісіне тиетін

бұл мақалалардың казак көркем аударма теориясының іргетасы деп тандарлықтай енбектер екені даусыз[4, 12].

Казак аударма өнерінің қырқынды жылдардағы зерттелуі туралы Θ. Айтпаев: "... соғыстын әлегі бұл салада да ізін қалдырыды. Яғни, қоңілдің аудармадан гері басқа мәселеге алаң болғаны мәлім. Бұл тұста біз бір ғана енбекті еске аламыз. Ол - М. И. Ритман – Фетисов пен Б. Кенжебаевтың бірлесіп жазған “Советтік Қазақстандағы аударма жұмысы” деген мақаласы ” – деп тұжырымдайды[2,18].

Казак аударма өнері киын-қыстау кезеңінде де зерттелінген. Мәселен, 1946 жылы корғалған Қ. Жұмалиевтің “Абайға дейінгі қазак поэзиясы және Абай поэзиясының тілі” тақырыбындағы докторлық диссертациясында Абай аудармалары туралы бағалы ойлар айтылғандығы жөнінде ғалым А.Ә. Әбілов тоқталып өтеді. Сондай-ақ, С. Мұқановтың 1945 жылдары жазылып аяқталған “Абай Құнанбаев” атты монографиясында ұлы ақынның аудармашылық қызметі сөз болғандығы жөнінде ғалым өз пікірін тұжырымдап өтеді. Сонымен қатар бұл атамыш мақаладан кейін (ол 1947 жылы жарық көрген) М. С. Сильченконың “Пушкин және қазак әдебиеті”, М. Фетисовтың “Пушкин шығармаларының қазақша аудармаларының қоғамдық – мәдени маңызы” атты мақалаларының жарық көруі қазақ көркем аудармасының жетіле түсуіне бірден-бір үлес қосқан, өзіндік дем берген енбектер болып табылады[12,20].

Көнтеген отандық ғалымдардың зерттеу енбектерін қарастырганымызда, қазак аударма өнерінің теориялық мәселелерінің терен зерттелінуі елуінші жылдардан басталатынына көз жеткіземіз. Бұл аударма мәселесіне мемлекеттік маңыз беріліп, бүкілодактық мәселе деңгейіне көтерілуімен байланысты екені мәлім. Өйткені КСРО Жазушылар Одағы бұл мәселені 1951 жылы көпшілік талқысына салып, көркем аударма туралы бүкіл одақтық бірінші кеңес өткізген еді. Кеңестің өткізілуінің арқасында ғалымдар арасында кен түрде өзара пікір алысуладар жүргізіліп, көркем аударма мәселесінің зерттелуіне өзінің көптеген он ықпалын тигізді. Қазактың көркем аудармасына байланысты Қазақстанда тұнғыш ғылыми диссертация қорғалды. Ол – Жамбыл Әлеңдерінің орысшаға аударылуын зерттеу обьектісі етіп алған Қ. Ландаудың енбегі еді. Ғалымның енбегі көркем аударманың дами түсуіне ат салысып қана қойған жоқ, ол көркем аударманың Қазақстандағы ғылыми – теориялық зерттелуіне қозғау салушы ретінде рөл атқарып, оны ғылыми сала ретінде тану ұғымын тиянақтай түсіп дем бере түсті[2,18].

Казак көркем аударма өнерінің теориялық мәселелері мен практикалық мәні жөнінде М. Әуезов, М. Қаратаев, М. Жанғалин, Қ. Шәріпов, Ә. Ишмағанбетов, З. Ахметов, С. Нұрышев, С. Қирабаев, Қ. Канафиева, Қ. Сағындықов, А. Садықов сияқты ғалымдардың 1950-60 жылдар аралығында жарық көрген енбектері қазақ аударма өнерінің ғылыми түрғыдан зерттелуін қалыптастыру ісіне үлкен үлес қосып өтті деп айтсак, мұндай пікіріміздің қате еместігіне өбден көз жеткізуге болады[4,10].

Жалпы, тіл білімінің лингвомәдениеттану саласында көркем аударма зерттелуінің жолы, бағдары белгіленген 1960 жылдардан бері жарық көрген

ғылыми енбектер бірнеше бағытта болғандығына көзіміз жетеді. Осыған қарап зерттеу енбектерін де бірнеше салаға бөліп өтуге болады. Яғни: 1. орыс тілінен қазақ тіліне аудару; 2. казақ тілінен орыс тіліне аудару; 3. казақ тілінен шетел тілдеріне және шетел тілдерінен қазақ тіліне (негізінен орыс тілі арқылы) аудару мәселелері. Аударма өнерінің зерттелуінде ғалымдардан С. Талжанов, Ә. Сатыбалдиев, Ә. Айтбаев және т. б. ғылымдар енбектері орыстын классикалық әдебиеті үлгілерін қазакшаға аударуды әңгіме аркауы етсе, С. Құспанов, Х. Садыков, М. Бисенқұлов және т. б. зерттеушілер енбектері көркем шығармалардың қазақ тілінен орыс тіліне аударылуындағы мәселелерді шешуге арналған [12,12]. Соңғы кезеңде көркем аударма өнерінің теориясы мен тәжірибесіндегі қарымды енбек етіп жүрген ғалымдар қатарынан толымды енбек ретінде ғалым-зерттеушілерден Н. Сағындықованың зерттеуін атасақ, Б. Репин, Ю. Сушкин, А. С. Ерманбетова, К. И. Дүйсетеева, М. Ш. Құрманов және т. б. зерттеушілер сатылы аударманың қыр – сырын ашуды мақсат етіп, орыс тілі арқылы қазақ көркем шығармаларының шетел тілдеріне және шетел тілдерінен орыс тілі арқылы қазақ тіліне аударылуы мәселелерін сөз етіп, тұжырымды пікірлер айтып өтеді[12,20].

Аударманың ғылыми зерттелуін төрөндете түсетін аударманың басқа да түрлі мәселелерін қозғаған кітапшалардың жарыққа шығып, мақалалар жинактары құрастырылып басылды. Сонымен бірге, 1950 жылдардан бастап ғалымдардың көркем аударма жайындағы сөз еткен монографиялық зерттеулері жеке кітап болып басылуы өз арнасына түсे бастады. Мәселен, ондай зерттеу енбектердің қатарын атап өтсек, С. Нұрышевтің “Абайдың аударма жөніндегі тәжірибесінен” (1954), “Көркем аударманың кейбір мәселелері ”(мақалалар жинағы,1957), З. Тұрарабековтің “Аударма туралы”(1961), “Қазақ аудармасының теориясы мен практикасы” (1973), “Әдебиеттер достығының дәнекері” (1977), С. Талжановтың “Көркем аударма туралы” (1962), “Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері” (1975), Ә. Сатыбалдиевтің “Рухани қазына” (1965), М. Әлімбаевтың “Өрнекті сөз – ортак қазына” (1967), Т. Әбдірахмановтың ”Жаңа ғасыр көгінде” (1969), Ү. Суханбердина құрастырылған ”Әдеби мұра” (1910), Ә. Айтпаевтың ”Аудармадағы фразеологиялық құбылыс” (1975), Р. Хайруллинің ”Аударма сыпаты” (1976), М. Құрмановтың ”Алтын арқау” (1979), С. Сейітовтің ”Пушкин лирикасын қазақ тіліне аудару дәстүрі” (1985), Ш. Сәтбаевтің ”Достық дастандары” (1983), Г. Бельгердің ”Гете мен Абай” (1995), Н. Сағындықованың ”Основы художественного перевода” (1996) сияқты көптеген ғалымдардың ғылыми енбектері көркем аударманың көңінан жайын, есіп-оркендеп дамуына бірден-бір септігін тигізген болатын. Ал проф. Р. Нұрғалиевтың драматургиялық шығармалар аудармасына қатысты айтқан пікірлері сөз өнерінің осы бір киын да құрделі саласын дамытуға үлес болып қосылғаны анық.

Сонымен қатар, көркем аударма мен жалпы аударма мәселесіне, әдебиеттер байланысына қатысты Қ. Жұбанов, И. Жансүгіров, М. Қаратасев, М. Балакаев, З. Ахметов, С. Қирабаев, С. Аманжолов, З. Қабдолов, Р. Нұрғалиев, С. Бәйішов, Ә. Нұрпейісов, М. Жанғалин, Қ. Шәріпов,

Э. Ипмағанбетов, С. Исаев, К. Қанафиева, Р. Бердібаев, Ш. Сәтпаева, Т. Ахтанов, Т. Сайранбаев, Г. Бельгер, Х. Әдібаев, А. Жовтис, З. Лизунова, Қ. Сағындыков, Х. Өзденбаев, А. Нысаналин, К. Нұрмаханов, С. Ахметов, С. Нұрханов, С. Қоспанов және т.б. әдебиет пен сын майданының жауынгерлері айткан пікірлері мен ұсыныстардың қазак аудармасының теориясы мен практикасы дамуына ықпал етіп, дем берген[12,25]. Аттары аталған ғалымдар еңбектерінің жариялану мерзімдері өр жылда болғанымен, бұл еңбектердегі теориялық тұжырымдар мен пікірлер негізінен орыс филологиясындағы қағидалар мен түсініктерді тірек етеді. Бұл түсінікті де. Себебі: казак ғылымының дамуы орыс ғылымымен тікелей байланысты және ол байланыс болшакта нығая да жалғаса бермек.

Орыс филологиясында көркем аударманың күрделі, көкейтесті, өзекті мәселелерін зерттеген, оның теориялық және тәжірибелік мәселелерін жүйелеген еңбектер мен көлемді монографиялар 1920-30 жылдардың өзінде пайда бола бастағаны жайында А.Ә. Әбілов, А. Алдашева, Е. Жанпейісов, А. Алмауытова т.б. ғалымдар зерттеу еңбектерінде қозғап өтеді. Ғалымдар пікірінше, бұл еңбектер тек орыс аударма өнерінің теориясын ғана дамытып ғана қоймай, бұрынғы Кенес Одағы елдерінің аударма өнерін зерттеу ісіне де игі әсер етті. Сонымен қатар, көркем аудармаға байланысты орыс филологиясында, Кенес Одағы елдерінің ғылымында тұжырымдалған пікірлер мен көзқарастардың аударма туралы өлемдік ой – пікірлерге қосылған мол үлес екені де бұл жерде назардан тыс қалмайды. Мысалы, орыс көркем аударма зерттеушілері К. Чуковскийдің, Г. Гачечеладзенің, А. Федоровтың теориялық кітаптары, монографиялары көркем аударма теориясындағы шоқтығы биік дүниелер деп атасақ, кателеспейміз. Сондай – ак біздің отандық ғалымдар арасынан И. Кашкин, А. Лейтес, В. Россельс, А. Кундзич, Л. Мартчян, М. Әуезов, М. Қаратаев, С. Талжанов, Ә. Сатыбалдиев, Ж. Шарипов, М. Расули, Д. Әзімов және т.б. ғалымдардың еңбектері мен П. Антокольский, А. Венцлова, Л. Гинзбург, А. Гитович, Н. Заболоцкий, С. Маршак, М. Рыльский, В. Левик, М. Лозинский, Н. Любимов, С.Липкин сиякты және т.б. аударма шеберлерінің пікірлері мен ұсыныстары көркем аударма теориясының дамуы казак топырағында да аударма теориясының тарих сахнасына шығуына зор ықпалын тигізіп, өзіндік үлесін қосып өтті[35,8].

Көркем аударматануда, аударманы зерттеуде орыс және казак ғалымдары көркем аударманың екі түрлі бағытын ұсынады. Аударманы зерттеуде орыс ғалымдарының бір тобы *лингвистикалық бағытты* (А. Ф. Федоров және т.б.) ұсынса, екіншілері (А. С. Смирнов, И. Кашкин, В. Россельс және т.б.) *әдебиеттану бағытын* қолдады. Мұндай жайт қазак филологиясында да дәл осы жағдайда қайталаңды. Ғалымдар Қ. Жұбанов, М. Балақаев және т.б. аударманы *тілтану* саласы деп таныса, М. О. Әуезов, М. Қаратаев және т. б. ғалымдар *әдебиеттану* саласы ретінде қарастырды[12,10].

Бұл жөнінде М. О. Әуезов: “Аударма теориясын жекелеп, жіктел қарастырғанда кейінгі кездे біздің одак көлеміндегі әдебиетте екі түрлі өзгеше бейім барлығы анықталды, бірі – аударма тіл зерттеу ғылымының ауқымына

енетін сала болатындықтан, аударма ісінің мәнісін ұғына отырып, бұл мәселені лингвистикалық әдіспен зерттеу жағына қарай тартады, екіншісі – біздіңше, дұрыс бейім аударманы сөз өнерінің бір түрі деп ұғынады да, эстетикалық принциптерді, көркем таразыны алғы талапқа қояды, сондықтан бұл бейім аударманы әдебиет таныту теориясы зерттейтін объект – деп қарайды” – деген болатын [13,8].

Сонымен катар, үшінші бағытты – аударманы, *жалпы филологиялық объект* дең тануды ұсынуышылар да бар. Орыс филологиясында аударманы не ана, не мына салаға жатқызудың өурешілік екенін айтЫП, аудармада тілтану және әдебиеттану әдістерін біріктірмей, шындыққа жету мүмкін еместігін Б. А. Ларин айтса, қазак филологиясында Θ. Айтбаев фразеологизмдерге байланысты: “На наш взгляд, это разногласия среди филологов говорит за то, что категория фразеологических словосочетаний не может принадлежать в какой-либо единой отрасли, и требует к себе подхода с филологических позиций, куда поправду примыкает и наука о художественной прозе” – деген пікірді айтады[2,15]. Аударманы зерттеуде *тілтану* мен *әдебиеттану* әдістерін біріктіре карауды біз де құптаймыз.

Уақыт ілгері жылжып, қоғам жан-жақты дамып, ел өмірі өзгеріске толды. Осыған орай, аударма өнерін зерттеудің де сан қыры ашилуда. Себебі: көркем шығарма мен қаламгер жөнінде әр заман өз пікірін білдіреді ғой. Мұны әдебиеттің өміршендігімен байланысты дер болсақ, онда көркем аударманың да оған катыстырығы басы аптық мәселе. 1980-90 жылдардағы басқа зерттеулерді айтпағаның өзінде, сонау 1930 жылдардан басталса да, осы кезге дейін зерттеу объектісі болып, күн тәртібінен түспей келе жатқан А.С. Пушкин шығармаларын казақшаға аудару мәселесі осыны көрсетеді.

Алайда, қазак көркем аудармасына байланысты осы кезге дейінгі еңбектердің көпшілігі не белгілі бір көркем шығарманың аудармасының, не болмаса жалпы теориялық, тарихи мәселелерді, не белгілі бір кезендегі көркем аудармаларды зерттеу объектісі етіп алған. Осы орайдағы олқылық-ел әдебиеті мен мәдениетінің дамуына үлес коскан қаламгерлердің бір тобы – аудармашылар туралы, олардың шығармашылық даралығы, аударма өнеріндегі жетістіктері мен кемшіліктері, өсу жолының зерттеуден тыс қалып отыр дейді, ғалым А.Ә. Әбілов[12,11]. Жалпы оқырман қауым үшін аудармашының көркем шығарма авторының көленкесінде қалып қоятыны тәрізді, зерттеулерде аудармашының өзіндік ерекшелігі, стилі, ізденісі, табысқа жету құпиясы назардан қағыс қалып келді. Ал аударма өнерінің қыр – сырын ашу үшін шебер аудармашылардың бүкіл шығармашылығына талдаулар жасалынып, шығармашылық ізденісі ашылуы қажет,- деп айтқан ғалым тұжырымын біз де құпташ өтеміз.

## I.1 АУДАРМАНЫҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ДЕРБЕС ТЕОРИЯСЫ

Коғамда ғылымның дамуы үшін бір – бірімен өзара байланысты екі негізде арқау болады. Бұл жөніндегі бірсыныра ғалымдар айтып өткен. Оның бірі – ілім-ғылымның нақты бір саласы дамуының **ішкі логикасы**, екіншісі – осы ғылым тармағының өрістеуіне коғам тарапынан туындайтын практикалық тәжірибеге **негізделген теориясын** жасаудың қажеттілігі.

Сонда, ғалым А.Алдашеваның пікірінше, бұған **экстраграфикалық жағдаят** – коғамның мәдени өміріндегі бетбұрыстар, атап айтқанда, тіларалық коммуникацияның ұлғаюы, коғам мүшелерінің коммуникативтік актісіне еуропалық тілдердің және шығыс тілдерінін араласуы өсер етеді[4,65].

Бір тілден екінші тілге аудару үзак мерзім бойында практикалық тәжірибе түрінде жүзеге асырылып келді, ал соңғы ширек ғасырда «аударманың теориясы», «аударматану» терминдері атала бастады: бірқатар халықтардың филология ғылымдарында аударматану ғылымның дербес саласы ретінде мәртебе (статус) алды.

“Аударма” ұғымына біраз сәбектерде тәмендегідей түсініктеме беріліп өтілген. «Аударма» ұғымы, аталым – термин ретінде екі мәселенің басын ұштастырады: «1) процесс, совершающийся в форме психического акта и состоящий в том, что текст или устное высказывание, возникшее на одном – исходном языке пересоздается на другом – переводящем языке;2) результат этого процесса...» [54,9]. Мұндай анықтамалар аударма мәселесін түбегейлі зерттеумен айналысадын ғалымдардың қай – қайсысы да атап айтатын дәстүрлі қағидасы. Қазақ тіліндегі «аударма» сөзі де осындай анықтаманы иеленеді: аударма – бір тілден екінші тілге аударылған еңбек, туынды; іс-әрекеттің нәтижесі және аударма – бір тілден екінші тілге аудару ісі; жүргізілген процесс,-дегенге келеді[51,20].

Мұндай анықтама аударманың өзге де ғылымдармен тығыз қарым – қатынас жасайтындығын белгілеп өтетіні айқын. Берілген анықтаманың екінші бөлігі, «белгілі бір ойлау – психикалық процесінің хатка түскен (немесе айтылған) нәтижесі», сондай – ак «қайта жасалады (пересоздается)» дейтін тұстары аса маңызды: бұл тұжырым аудару іс - әрекеттінен, ойлау қызметтінен нақты бір жазылған мәтін жасалатындығын, тұтас құрылымы бар сөз туындысы (речевое произведение) қалыптасатындығын мойындатады. Сонда, біздінше, аударма – адамның ойлау – психикалық қызметі арқылы жүретін үрдіс. Орыс ғалымы А.В. Федоров аударма өнерінің тіл ғылымындағы психолингвистика ғылымымен байланысты екенін айтып өтеді. Ғалымның пікірінше, іс - әрекеттің нәтижесінде жазылған мәтін туынды болғандықтан, аударманың әдебиеттану саласына да тікелей қатысы бар[54,9].

Біз қарастырған бірқатар еңбектерде “аударма” – тарихи дамудың белгілі бір кезеңіндегі коғам дамуының, коғам құрылымына өсер еткен экстраграфикалық факторлардың бір көрінісі ретінде түсіндіріледі. Бұл

күбылыштың «коғам⇒ жеке адам⇒ тіл» мәселе сімен, тілдердің өзара ықтападасу теориясымен тамырласатын жағының бар екендігін айфактап өтеді.

Аударма жазылған туынды (речевое произведение) болып табылады, сондыктан оның ойлау психикалық өрекетін жүзеге асыратын, басты қызмет атқаратын негізгі құралы – тіл. Екі тілдің – тұпнұсқаның тілі мен аударылатын тілдің қызметі айрықша. Аударматану ғылымы үшін маңыздысы бір тілдегі таңбалар жүйесін (семиотикалық белгілерді) екінші тілге формальды түрде көшірудің жолдарын, айтылған (жазылған) ойды беру үшін екінші тілдің тілдік құралдарының қалай орналасқандығын, қалай ұжымдастырылған айқындау емес; тұпнұсқаның коммуникативтік – функционалдық белгілерінің қандай тәсілдермен, қалай жеткізілгенін зерттеу, жүйелеу, ортақ зандалықтарын белгілеу.

Аударма – бір-біріне функционалды түрде балама бола алғатын (функционалды тенбе-тен), яғни коммуникативтік тен қызмет атқара алғатын мәтін, туынды жасау деген сөз мазмұнының қолданылу, өзгеру зандалықтарын жүйелі түрде қарастырады.

Тілдердің лексикалық жүйесін, жекелеген категорияларды салыстыру, фактілердің констатациясын тізбелеп шығу қандай да болмасын проблеманы толыққаңды шешіп бере алмайды. «Не удовлетворяет сам подход от формы к значению, когда исходным является форма, - көрсетеді зерттеуші. З. Ахметжанова. “Исследование только отдельных фактов мешает восприятию более глубоких различий между языками, не создает целостной языковой картины” [11,106]. Бір тілден екінші тілге аударылған мәтін мен тұпнұсқаның тілдік материалдарын салыстыруды осы сипаттар назарға алынады және жеке тілдік единицаның аударылуы ен шағын мәтін деңгейінде (иерархия ескеріле отырып) талдауга түскенде аударудың объективтігі зандалықтары айқындалады.

Минималды мәтінді талдау үшін тұпнұсқаның коммуникативті – функционалдық белгілері назарда болады. Тұпнұсқаның функционалдық белгілері – мәтіннің, туындының жанрлық – стильдік ерекшеліктері, тақырыбы: көркем шығарма болған жағдайда – идеясы, мазмұны, тарихи дамудың қай кезеңінде жазылғандығы, автордың стильдік даралығы және тұпнұсқаның лексикалық – грамматикалық құрылымы.

Тұпнұсқаның коммуникативті – функционалдық белгілеріне екінші (аударылатын) тілдік құралдардың таңдалып, іріктелуі аудармадағы баламалық (эквивалентность) түсінігін тудырады. Баламалық – тұпнұсқаның мазмұнын максималды түрде жеткізу болып табылса, коммуникативтік – функционалдық белгілер мүмкіндігінше сақталған толықканды, дәлме – дәл (адекватты) аударма жасау деген сөз. Аудармадағы баламалық аудармашының сан алуан, әрі сапалы сөз түрлендірулерін (трансформация) жасауын – екінші тілдің сөздік құрамынан сөз тандауын талап етеді. Сөз тандау – сәйкестік (соответствие) табу – нұскадағы акпаратты мүмкін болғанынша қамти алғатын баламаны қолдану және аударылатын тілдің лексикалық – грамматикалық

нормаларын кадағалау деген сөз. Мәтіннің өрекшеліктеріне қарай аудармашы сөздіктегі сәйкестікті, екі тілді лексикографиялық енбектерде ресімделген, түзілген баламаны пайдаланады, сонымен қатар семантикалық құрылымы жақын – жуық стильтік қызметінде айырмалары бар функционалды сәйкестік жасайды[4,68].

Функционалды балама түпнұсқадағы лексикалық единицаның мағынасын нақтылайтын, ұлғайтатын, стильдік реңк үстейтін сәйкестіктер қолдану арқылы жүзеге асырылады. Коммуникативтік – функционалдық белгілер үшін аудармашы тараҧынан нақтылау (конкретизация), ұлғайту (генерализация), мағыналық дамыту әдістерін пайдаланылады, сөздердің орны ауыстырылады, дербес лексикалық единицаның орнына сөз тіркестері қолданылады, синонимдердің бірнешеуінің қатар жұмсалуы арқылы мағына дамытылады, стильдік бояу үстеледі. Бұндай түрлендірудің нақты, объективті себептері болмаған жағдайда негізгі мазмұнның бұрмалануына жол берілуі мүмкін[8,72].

Аударманың лингвистикалық теориясының ауқымына енетін мәселелер мыналар:

-екі тілдегі тілдік единицаларды салыстыру,

-баламалықтың негізгі тәсілдерін, сөз түрлендірудің заңдылықтарын белгілеу. Бұларды зерттеуші ғалым А. Алдашева тілдер типологиясының, жалпы тіл білімінің, салыстырмалы тіл білімінің аясына қарай ойысатын мәселелер қатарына жатқызады.

Ғалым А. Алдашеваның ой-пікірін қолдай отырып, аударма тілін зерттеудің тағы бір маңызды жағы бар екендігін мойындаң өтеміз. Қазак мәдениетіндегі аударма арагідік жүргізілген, ішінана атқарылған шаруа емес. Бұл – тұтас бір кезеңдегі мәдени дамудың ажырамас, әрі мейлінше көлемді бөлігі. Төл мәдениетпен біте қайнасқан аударма процесі қазақ әдеби тілінің лексикалық – грамматикалық құрылымының стильдік жүйесінің синхронды дамуы мен қалыптасуына, жетілуіне ықпал етті. Қазақ тіл білімінің лексикология, семасиология, лексикография, стилистика тәрізді салаларының теориялық – практикалық негіздері үшін де аударманың табиғаты мен мәнін айқындау маңызды екендігіне толық қосыламыз.

Аударманың лингвистикалық теориясы лингвомәдениеттану ғылымының өзекті проблемаларының шешілуіне де ықпал етеді. Матералдық және рухани мәдениеттің тілде белгіленуін қарастыратын, жаңадан бастау алған ғылымның негізгі объектілерін қалыптастырып, орнықтыру үшін бірнеше тілдің тілдік материалдарын салыстыру тиімді; ал «перевод – не простая смена языкового кода, но и адаптация текста для его восприятия сквозь призму другой культуры» [54,46].

Қоғам өркениеті үшін орыс тілімен қатар европалық тілдерден, шығыс тілдерінен қазақшаға тәржімалау (және керісінше) жаппай сипат алғып отырған қазірі жағдайда, казақ қаламгерлерінің таланты мен шеберлігінен туындаған тәжірибелің негізінде аударудың тәсілдерін, сөз таңдаудағы заңдылықтарды, кемшіліктерді ғылыми тұрғыдан сипаттау, аудару процесінің өсерінен тілдің

лексикалық - грамматикалық құрылымындағы, қолданымдық қызметінде жаңалықтарды түйіндеу аудармашылық іске бет бұрған маманның қызметіне бағыт – бағдар сілтейді. «Без научно обоснованной теории перевода ныне не может быть успешной переводческой практики - такова непреложная истина, которую бесполезно оспаривать. В то же время нельзя, конечно, наивно полагать, что знание положений и принципов теории перевода можно заменить собой мастерство самого переводчика. Всегда следует помнить о том, что перевод – это нечто гораздо больше, чем наука. Это наука также умение, а вполне качественный перевод, в конечном счете, является и искусством»[54,93].

## I.2 АУДАРМА ӘДЕБИЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ

Аударма әдебиетінің тілі – бір тілден екінші тілге ауыстырылған семиотикалық таңба-белгілердің жиынтығы емес; коммуникативтік мақсаты бар тұтас құрылым. Аударма әдебиетінің тілі де төл тілдегі нұскалар сиякты аппарат беру, эмотивті (қабылдаушыға әсер ету) қызметтерді аткарады. Аударма әдебиет тілінің мұндай қызметтері төл тілдегі нұскаларға (көркем әдебиет, функционалдық стильдер) тән қызметтен бөлек, өз алдына оқшау емес. Сондықтан да аударылған әр бір жеке жанрдың, стильдердің әрқайсысының ақиарат беру, қоршаған ортаның объектілері туралы оқырманға (тыңдарманға) жеткізу, кабылдаушының (оқырманның, тыңдарманның) әсерін, көзқарасын туғызуы міндеттері дербес қарастыруға өзек бола қоймайды[4,22].

Фалым А.Алдашеваның тұжырымдауынша, әдебиеттегі әр жанрдың немесе әр стильті дербес бөліп алып, аударма ерекшелігі тұрғысынан қарастыру, сонда бұл – аударматанудың дербес теориясының аспектісі болып шыға келеді. Фалым орыс тіл білімінде әдебиеттегі әрбір тармақтың түпнұсқа мен аударма арасындағы барша айырым-белгілері мен ортақ заңдылықтарын бүгө-шегесіне дейін талдау биік денгейде қалыптасқандығына баса назар аударып өтеді. Дұрыс ұтымды бағыт ретінде аударматанушы ғалым А.Алдашева “дербес мәселелерді талдап барып, “жекеден жалпыға қарай” принципімен жүріп, одан әрі жалпы теорияның негіздерінен қалау” принципін санайды.

Сөйтте келе, мәселенің ғылыми жағын сез еткенге, қазақ тіліне аударылған барша нұскаларды кешенді тұрғыдан топтастыруға мүмкіндік беретін басқа заңды факторлардың жоқ еместігіне де көніл аударып өтеді. Фалым тіл біліміндегі аударматану теориясына сүйене отырып, белгілі бір заңдылықтарға негізделген, ұзақ мерзім бойында жүргізіліп келген аударма нұскаларды шартты түрде *көркем аударма әдебиет* және *арнаулы аппаратты әдебиет* деген қос топқа жіктеуге болады дейді[4,25].

Зерттеуші ғалым көркем аударма жұмысын – жеке адамның ойлау-психикалық қызметінің жемісі ретінде түсіндіріп, аударманы психолингвистика ғылымымен ұштастырады. “Жазылған дүние, сондай-ақ қабылдаушының да ойлау-пайындау қабілет-денгейін ескереді. Адамның ойлау-психикалық әрекеті, коршаған дүниені өз пайымынан өткізуі бірізді, түйік, “механикалық”

түрде жүрмейді. Ой - психика қоршаған дүниені логикалық шындыққа сәйкес тұра қабылдайды немесе көріп-білген мұғлұматынан әсер алады, алған мағлұматын өзге құбылыстармен теңестіреді, шенdestіredі, образдар, суреттер жасайды; міне, осылардан барып психолингвистика ғылымы ойлаудың образды типі және ойлаудың логикалық типі деген түрлерді ажыратады”[4,27].

Көркем әдебиет – ойлаудың *образды типінің* нәтижесі болып табылады. Ал ғылыми әдебиет, көсемсөз, ресми стиль тармақтарының астарламай тұра, дәл жеткізу функциялары ойлаудың *логикалық типі* арқылы жүзеге асырылады. Бұдан, әрине, тіл қызметіндегі әр алуан функционалдық стильдердің өзіндік бет-бейнесі көмекіленіп кетеді,- деген ұғым тумауы керек. Әр стиль, стильдің құрамына кіретін ішкі стильдер - өз алдына жеке-жеке стильдік-тілдік ерекшеліктерімен дараланатын күрделі салалар. Әсіресе, бұл көсемсөздің жанрлық түрлерінде айқынырақ: очерк, репортаж, сұхбат сияқты шағын, ішкі тармақтардың төл тілде жазылуында да, өзге тілден аударылуында да ойлаудың *логикалық типі* мен ойлаудың *образдылық типі* бір-бірімен астасып жатады. Жалпы алғанда, тілмен ойлау-психика қызметінің арасындағы қарым-қатынас - өте күрделі мәселе. Бұған жол-жөнекей, хабардар ету мақсатында ғана соғып отырганымыздың себебі бар: өйткені *ойлау-психикалық* қызметінің көп сипаты аударма жұмысымен айналысадан істе нақтырақ байқалады. Тұындыны төл тілде жазатын адамның ой-психика қызметі еркін, шектеусіз: оның пішіні жағынан да, мазмұн жағынан да жаңалық ашуына өріс кен. Ал өзге тілден аударма жасаушының ойлау қимыл-әрекетінің алдында шегара жатады. *Ақпаратты (арнаулы) әдебиет* қоғамдық-саяси, ресми, ғылыми мазмұндағы аударма үлгілерін камтиды. Бір қарашанда, жеке-жеке, дербес аспектілерде қарастырылуға тиіс қоғамдық-саяси, ғылыми немесе ресми мазмұндағы әдебиеттерді біртұтас ынғайда зерттеуге негіз болатын дәйек-олардың негізгі функциясы. *Ақпаратты (арнаулы) аударманың негізгі қызметі*-түпнұскада айтылған мәліметті, ақпаратты екінші тіл арқылы қабылдаушыға (рецепторға) нақты, дәл, ақықат шындыққа сәйкес түрінде жеткізу. Төржіманын бұл түрінде экспрессивті функция негізгі рөл атқармайды, алайда мұндай үлгілерде негізгі хабарлау, хабарды дәлмс-дәл жеткізу қызметіне осы хабарға қабылдаушының белгілі бір көзкарасын, пікірін туғызу функциясы, яғни ықпал ету қызметі де ілесе жүріп отыратындығын жокқа шығаруға болмайды. Егер әдеби көркем аудармада *динамикалық баламалылық* (немесе адекватты, балама және еркін аударма) тәсілі пайдаланылса, акпаратты әдебиетте **сөзбе-сөз аударма, баламалы аударма** амалдары колданылады. Сонымен катар материалдың мазмұнына қарай бір мәтіннің өзінде бірнеше тәсілдің катар жұмсалатындығы да атальың өтіледі. Мәселең, А.В.Федоровтың пікірінше, “... существуют и переходные или смешанные типы материала (например, художественной литературе – произведения на производственные термины с обилием терминов, фактических сведений и т.п. в научной литературе – произведения популярного жанра с использованием выразительных средств художественной образности)” [54,200-201].


**Ақпаратты (арнаулы) аударма аталымы** – бірынғай, біртектес мәтіндердің ортақ тілдік – стильдік белгілерін жиынтықтап көрсету мақсатынан


туған шартты ұғым. Анықында осы енгізілетін стильдік тармақтардың қай-қайсысында да өзіндік, өз бетінше дараланатын ерекшеліктер бар. Ал оларды бір мазмұндас етіп атауға негіз болатын жағдаят - әдеби көркем аудармадан өзгешелігі, яғни ақпаратты әдебиетті тәржімалаушының ойсаналық, психологиялық әрекетінің бір қызметке – мәліметті, ақпаратты, түпнұсқаның мазмұны мен мақсаты дәлме-дәл жеткізу қызметіне бағындырылатындығы. Дәлірек айтқанда, көсемсөз стилі, ғылыми стилі, яки ресми құжаттар мәтіндерін екінші тіл арқылы жеткізу процесінде ақпараттың, хабардың фактілік мағына – мазмұндық нақтылығы сақталуға тиіс[4,30].

Ақпаратты, мәліметті дәл жеткізу мүддесімен қатар ақпаратты (арнаулы) әдебиетті аудармада ең алдымен қабылдаушының ұлттық ерекшеліктері ескерілуге тиіс. Өзге тілдерден өзінің негізгі ана тіліне аударылған материалдарды оку (есту, тындау) барысында қабылдаушыға тілдік – стильдік кедергілер кездеспеуі қажет. Алайда бұл, ақпаратты аудармаға қатысты шартты түрде ұғынылуы тиісті талап; өйткені кейбір ақпараттық мазмұндағы әдебиеттің тәржімасында мазмұнды сактау; түпнұсқаның мәні мен стилін жеткізу; баяндаудың ұғыныкты әрі табиғи сипатта болуы; аударма мәтіннің нак түпнұсқадай өсер туғызуы тәрізді міндеттердің баршасының үдесінен бірдей шығу мүддесі көзделмейді. Мәселен, ғылыми стиль үлгілерінің, оқу-ағарту әдебиетінің (айталық, математика оқулықтарында) тәржімасында ақпараттың, пәннің негізгі мазмұнының фактілік жағына көніл бөлінеді де, қолданылатын күллі тілдік-стильдік құралдар осы мүддеге бағындырылады. Аталған міндеттерге қатысты өзге де стильдік тармақтардың өзіндік тілдік-стильдік ерекшеліктері бар. Бір тілдегі нақты бір функционалдық стильдің калыпты тілдік-стильдік құралдарының екінші тілге аударылып берілуінің тармақтала, дербес қарастырылатын мәселелері сан салалы. Әсіресе синтаксистік құрылым ыңғайынан карағанда салыстырылатын екі тілдің айырым белгілері жан-жақты.

Сонымен, аударма әдебиеттің түрлері екі топка: *көркем аударма* әдебиет жөне *арнаулы ақпаратты* әдебиет болып бөлінеді. Аударма психолингвистика саласымен тығыз байланысты, өйткені көркем аударма - ойлаудың образды типінің нәтижесі болып табылады. Әрбір стиль түріндегі шығарманы бір тілден екінші бір тілге аударуда белгілі бір ерекшеліктерге бағынуымыз керек. Ондай ерекшеліктер қатарына мәселен, ойлаудың *логикалық типі* мен ойлаудың *образдылық типін* жатқызуға болады. Ақпаратты әдебиетті тәржімалаушының ойсаналық, психологиялық әрекетінің бір қызметке – мәліметті, ақпаратты, түпнұсқаның мазмұны мен мақсаты дәлме-дәл жеткізу қызметіне бағындырылады. Дәлірек айтқанда, көсемсөз стилі, ғылыми стиль, яки ресми құжаттар мәтіндерін екінші тілге аударған кезде ақпараттың, хабардың фактілік мағына – мазмұндық нақтылығы сақталынады.

Корытып айттар болсақ, аударма әдебиет түрлерін кесте негізінде төмендегіше көрсетіп отуте болады:





## I. 3 АУДАРУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ

Белгілі бір шығарманы бір тілден екінші тілге аудару процесі, әрекеті белгілі бір тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Аударудың дәстүрлі түрде атаптын амалдары: сөзбе-сөз (калька) тәсіл, еркін (вольный) және дәлме-дәл (адекватты) аудару жолдары. Орыс тілші ғалымдары бұлардың катарына қарапайымдалған (упрощающий), бейімделгөн (адаптированный) дегендерді де косып өтеді[4,47].



Қазақшаға аудару тәжірибесінде игерілгендері де, әркайсының тиімді-тиімсіз жақтары сараланып айтылып жүргендері де - аудару амалдарының негізі түрлері. Бір тілдегі дайын мәтінді екінші тілде қайтадан жазу әрекетінде жүйелілік болады. Енді ғылыми негіздерге сүйенген түрде көркем аударудың әрбір тәсіліне жеке-жеке тоқталып өтсек.

Сөзбе-сөз (калька) тәсілі – тілдік единицаның (сөздің, сөз тіркесінің) сыртқы формасын, ішкі мазмұнын нақпа-нак, сол қалпында аудару дегенді білдіреді.

Ғылыми әдебистерде аударудағы калька тәсіліне төмендегідей аныктама беріледі: “калька амалы – сөзжасамның бір жолы, тілдің сөздік құрамын байытудың онтайлы көзі деп есептелінеді”. Калька (сөзбе-сөз) тәсілінің казак әдеби тіліндегі орны жөніндегі көзқарастар екі бағытта: тілді байытудың, жаңа номинация жасаудың – негізгі, әрі тұрақты амалы деген тұжырым да бар. Калька немесе сөзбе-сөз аударудың ғылыми, оқу-ағарту салаларының, қоғамдық-саяси және ресми стильтер тармақтарының тілден тыс және ішкі тілдік айырым-салаларын жеткізу дегі рөлі жоғары. Мәселен, ресми құжаттардың күрделі түрлері де (мазмұндама, мәлімдеме, ереже, жарғы және т.б.) қарапайым түрлері де (кенсе іс қағаздары) сөзбе-сөз тәржімаланады. Тұнұскадағы кайсыбір сөзді ауыстыруға, түрлендіруге, яки болмаса аударуға

киын соғатынды түсіріп тастауға, сөйтедердің орнын ауыстыруға, накты айтқанда, реєми материалдың тілін қазақы табиғи қалыпқа бейімдеуге болмайтындығының және лингвоэтникалық құзыretі бар аудармашының бұған саналы түрде бармайтындығының себебі осы: мәтіндердің тұтастай құрылым-қалпын бұзбау – мәтіндердің күкіктық мәртебесінің бірдей екенін дәлелдеу болып табылады[4, 48].

Негізінен, аударудың калька тәсілі басқа тәсілдер арасында көркем прозаның стильдік ерекшеліктерін толық қанағаттандыра алмайды; аударманың тұпнұска сиякты сөз мүсінімен сомдалуына кедергі жасайды. Мәселен: Сөз деңгейінде: -А еще бессеребреницей меня звал! Қазақша баламасы- Мені күміссізім деп атауны едін ғой. Сөз тіркесі деңгейінде: -Кто это?... друг сердца?-Бұл кім өзі? Жүрек досы ма? Сейлем деңгейінде: Катя проводила их на вокзал, они были до того рассеянные, как во сне,-и вернулась домой в сумерки- Катя оларды вокзалға шығарып,-олар бейне тұс көрген адамдай жаңғалак болып кетті,-үйіне інірде кайтты[4,52].

Еркін аударма дегеннің қағидасынан аудармашының тұпнұскасының мазмұнын өз бетінше әңгімелеп кетуі деген ұғым туындаиды. Қазақ аударматануында дәлме-дәл немесе балама аударма деген аталымдар бар. Бұнын екеуіде “адекватты” деген ұғымды береді. Шетел және орыс тіл білімінде “адекватность” және “эквивалентность” деген екі термин айтылады. Бұлайша тарамдауға ғалымдар тарапынан тұпнұска тілінің және стильдік ерекшелігінің, ақиараттық және эстетикалық функциясының екінші тілдің тілдік-стильдік единицаларымен берілуіндегі негізі белгілерді басшылыққа алады. Осыған орай сәйкестік, баламалылық, толыққандылық деген бірқатар терминдер ұсынылған. Аталған терминдерді бір ұғымда сондай-ақ олардың әркайсысын даралап, дербес дефинициямен белгілеуге әрекет жасаған көзқарастар да бар. Айталық, В. Комиссаров баламалылық және сәйкестік ұғымдарына екі басқа түсінік береді.

Аударулың балама тәсілін құқықтық мәртебесі бар нормативтік-директивалық, бүйіркышы-жарлықшы құжаттардан басқа стиль-жанр түрлерінде қолдануға болады. Толыққанды балама жасау - әрбір мәтіннің өз тарапынан сөз таңдаудың алуан түрі бар.


Балама аударманы керек ететін сала – көркем аударма. Аударма әдебиеттің осы түрінің тіліне нұксан келтіретін жағдай – контекстің, фразаның, абзацтың, макромәтіннің кейде калька тәсіліне, кейде еркін аудармаға қарай бірынғай бет бұрын кетуі. Аударманың тігісін жатық етіп, жатығын білдірмей, тұпнұсканың коммуникативті-функционалдық белгілерін іргесі қозғалмай, шашырамай тұтас жеткізілуіне жол аштын казақ тілінің барлық өлеуетінен сөз таңдауға аудармашы қаламгердің суреткерлік даралығын, аудармашылық шеберлігін танытуға мүмкіндік беретін тәсіл – балама (адекватты) амал[4,32]. Аудармадағы сөз таңдау - өз алдына құрделі мәселе. Балама әдістің тиімділігін прозалық шығармалардың тақырыптарын салғастырудан қазақ аудармашылары ұсынған балама тақырыптардан көруге болады. Аударма тәсілдерінің әркайсысының өзіндік қолданыстық-қызметтік мәні зор.

Сонымен корытындылар болсақ, аударма ісі жөніндегі ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, бірінші бөлім бойынша төмендегіше сипаттама жасауға болады:

Аударма - өзге халықтардың мәдениеті мен мәдени ерекшеліктерінің көрінісін қабылдайтын форма тұрғысынан танылады. Лингвистикада бұрын-сонды сөз етіле қоймаған мүлде жаңа салалар мен бағыттар қалыптасып, тілдің теориялық және практикалық қырына лингвист ғалымдар өзіндік ғылыми пайымдаулары мен көзқарастарын тұжырымдап өтуде (когнитивті лингвистика, антропологиялық лингвистика). Осылардың қатарында бар болғаны бес-алты жылдың төңірегінде “лингвокультурология” немесе “лингвомәдениетнама” деп аталатын жас бағытта аталып келеді.

Шетел ғылымында аударма күбылсызы жан-жақты зерттелген. Атап өтсек, зерттеуші-ғалымдардан Дж. Кэтфордтың, М.А.К. Халлидейдің, Г.Егердің, Ж.Мунэннің, О.Каденің, К. Райстың, А.В. Федоровтың, Л.С.Бархударовтың, В.С. Виноградовтың, И.И. Ревзиннің, В.Н. Комиссаровтың, К.Чуковскийдің, С.Маршактың зерттеулері бар. Қазак аудармасының теориялық принциптері М.О. Әуезов, Ә. Сатыбалдиев, С. Талжанов, Н.Сағандыкова, Қ.Әдібаев, Ұ.Айтбаев, Ф.Фаткулин т.б. ғалымдар еңбектерінен көрініс тапкан. Әсіресе казак көркем аудармасында XX ғасырдың 20-30жж. А.Байтұрсынов, М. Жұмабаев аудармаларының мәні зор болды. Қазак ақын-жазушыларының проза және поэзиялық шығармалары өр түрлі халық тілдеріне көптен аударыла бастаған.

Аударма әдебиетінің түрлері мен тәсілдерін ғалым А.М. Алдашева төмендегіше жіктеп көрсетеді:



## АУДАРМАНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ АСПЕКТІСІ

### П.1 ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ ФЫЛЫМЫНЫң НЕГІЗІГІ БАҒЫТТАРЫ

Мәдениет бұл-адамзаттың өзінін қоршаған ортасында іскерлігі мен алға қарай үмтүлудынын нәтижесінің ерекші ретінде табиғатқа қарама-карсы қойылатын ғылым салаларының бірі. Яғни, мәдениет-адамзаттың жемісі, туындысы. Лингвистика категориясы ретіндегі мәтін ұғымы - адамзаттың арнайы құрастырып қалыптастырган туындысы.

Тіл білімінде соңғы жылдары лингвомәдениетнама немесе лингвомәдениеттану деп аталатын бағыт тіл білімінің басқа да когнитивті, антропологиялық бағыттары қатарына қосылған жас салалардың бірі болып табылады. Лингвомәдениеттану – соңғы жылдарда лингвистика мен мәдениеттанудың түйіскен тұсынан туындаған отырған жаңа ғылым[49, 25].

Тіл мен мәдениеттің өзара тығыз байланыстырығы, өзара қарым-қатынасы, өсіресс мәдениеттің тілге ықпалы, мәдениеттің тілдегі көрінісі ғылым үшін жаңалық емес. Эр халықтың дүниетанымы мен мәдениетінің ерекшелігі тілге сініріледі. Бұл ерекшеліктің бастапқы негізі Э. Сепир мен Б. Уорфтың “лингвистикалық ықтималдылық теориясында” қаланған болатын[49, 30]. Тіл білімінде жоғарыда аттары аталған ғалымдардың лингвомәдениеттану шенберінде қарастырған бірсыныра зерттеулері мен тұжырымдары бар. Лингвомәдениеттанудың объектісі ретінде “*тіл - мәдени ақпараттың трансляторы*” ретінде түсіндіріледі.

Лингвомәдениеттану саласының өкілдері В.Г. Костомаров пен Е.В. Верещагин бастамасымен Кенес дәүірінің 60-70жж. лингвоелтану қалыптасты.

Тіл білімінде тұнғыш рет 1996-97жж. лингвомәдениеттану бағыты бойынша В. Н. Телияның “Русская фразеология: семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты” (1996), В.В. Воробьевтің “Лингвокультурология: теория и методы” (1997) және В.А. Маслованың “Введение в лингвокультурологию” атты еңбектері жарық көрді. Лингвомәдениеттану – тіл, мәдениет және этностың бірлігі негізінде туындаған.

Сонымен, тіл біліміндегі лингвомәдениеттану ілімінің қалыптасуына этнолингвистика, лингвоелтану сияқты салалардың ықпалы зор болды.

Лингвомәдениеттану бағытының тілдік единицаларын В.А. Маслова тоғыз топқа боліп қарастырады[21,41].

- баламасы жоқ тілдік бірліктер катары мен лакуналар;
- мифологиялық тілдік бірліктерді (мәдениеттің, аныздар мен дәстүрлердің тілге бекітілген дәстүрлі-тұрмыстық формаларын);
- тілдің паремиологиялық қорын (мақал-мәтелдер, жаңылтпаشتар);
- тілдік әдептілікти;
- тілдік этикет негіздерін;

- символдарды, стереотиптер мен эталондарды;
- бейнелерді;
- тілдін стилистикалық қорын;
- тіл мен діннің өзара байланыстырығы;

Баламасы жоқ тілдік бірліктер нәмесе баламасыз лексика - халықтық ұлттық-мәдени ерекшеліктерін танытатын атаулар, реалийлер; ғалымдардың көрсетуінше, баламасыз лексика дегеніміз – “слова, служащие для выражения понятий, отсутствующих в иной культуре и в ином языке, слова относящиеся к частным культурным элементам характерным только для культуры А и отсутствующим в культуре Б, а также слова, не имеющие перевода на другой язык, одним словом, не имеющие эквивалентов за пределами языка, к которому принадлежит”[20,56]. Көркем аудармада реалийлерді берудің бірнеше амалы бар:

- түпнұскадағы қалпын сактап жазу (транскрипция);
- казак тілінің дыбысталу, айтылу заңдылықтарына бейімдеу;
- мәтін ішінде суреттеме, түсіндірме түрінде мағынасын ашу;
- мағынасы жықтасатын сәйкестіктердің бірін қолдану.

Орыс тіліндегі классикалық әдебиетте жиі жұмсалатын сөздің бірі – свет, светское общество. Бұл – “ограниченный круг людей, составляющих высший слой привилегированных классов...” (СРЯ,4Т.,45стр.) дегенді білдіретін (большой свет; бывать в свете; положение в свете) сөз; өзге мәдениеттің алдынғы дәуірлерге тән бір белгісі. Осы анықтамаға орайласатын ақсүйектер қауымы – светское общество дегенмен ұғымдық-мазмұндық көлемі жағынан бір емес. Свет, светское общество – қазіргі қоғамда актуалданған қоғамдық-әлеуметтік мәні бар, қолдану жиілігі жсөарыланған лексемалардың бірі. Қазіргі уақытта свет, светское общество ұғымдары термин көлемінен шығып, жалпы қолданыска түсін келеді. Осыған орай бірнеше суреттеме баламалар жұмсалады. Мәселен, тандаулылар ортасы, зиялды қауым, игі жақсылар қауымы, және т.б. Сонда біздінше, көркем аудармадағы, оның ішіндегі лингвомәдениеттанудағы баламасыз лексика единицасы – басқа мәдениетте жоқ сөздерді, ұғым-түсініктерді бір тілден екінші бір тілге аударғанда, накты аудармасының болмауынан басқа бір түсінік не сөзben аударылып берілуі.

Лингвомәдениеттанудағы баламасыз лексика единицасы мен лакунаның қызметі мен сипатын “Абай жолы” роман-эпопеясы бойынша қарастырып көрейік.

### *Шолпы* сөзінің аударылу ерекшелігі:

Көркем аудармада реалийлерді берудің түпнұскадағы қалпын жазу (транскрипция) амалы бойынша қазак тілінен орыс тіліне аударылған мынадай мысалдарды келтіруге болады. Мәселен, *Шолпы* сөзіне ҚТТС-те төмендегіше түсініктеме берілген: *Шолпы* - “Сәндік үшін әшекейлі алтын немесе күміс тенге тақкан шашбау”[34,736]. ОТТС-те “*шолпы*” сөзіне түсінік берілмеген[51].

*Шолпы* әуелі жиң сылдырлап, аздан соң баяулай бастап, тағы біраздан соң анда-санда бір ғана шылдыр ете түсіп ұзап барады(I,149)-**Серебряный звон шолпы**, удалялась, переливался за дверью юрты(I,183). Келесі секундта *көп шолпының* шылдыры да жетті(I,233).-Потом послышался звон *шолпы* (I,266). Басталқы мысалда “шолпы” сөзінің аудармасы орыс тілінде “серебряный звон шолпы” сөз тіркесі ретінде берілген. Екінші мысалда “көп шолпының” сөз тіркесіндегі көптік мағынаны беретін лексика-семантикалық мағыналы “көп” сөзі аударылмаған. Аудармашы “шолпы” сөзінің басқа әлемдік тілдік көрінісі мәніне көніл аудара отырып, “шолпы” сөзін транскрипция амалы негізімен берген.

### *Атқамінер, қуырдақ* сөздері.

Көркем аудармада қазақ тіліндегі мәтіндерді орыс тіліне аударуда қазақ тілінің дыбысталу, айтылу занзылтықтарына бейімделе аударылған сөз, сөз тіркестері ұшырасады. Мәселен, *Құндегі машық бойынша келіп жататын атқамінер, даугер арызшылар*(I, 106). – Это *аткаминеры*, приехавшие с тяжбами(I,133). Сондай-ак, *Бұл дағдылы ет, қуырдақ* емес, қымызбен коса жайтін жаубұйрек деген тамағы еді (I,106). – Это было не обычное мясо или *кавардақ*, а “жау-буйрек” (I,142). *Атқамінер* – “Ел билігіне араласуши адам, белсенді өкім”[34, 53]. *Қуырдақ* – “Туралып, майға қуырып пісірілген ет, тағам”[34, 415]. С.И. Ожеговтің “Орыс тілінің түсіндірме сөздігі” еңбегінде мұнданың сөздер катары кездеспейді.

*Ауыл* сөзінің орыс тіліне аударылу ерекшелігі төмендегіше:

*Ауыл-Көшпелі* дәуір кезіндегі рулық, тайпалық одактардың шағын тобы[34, 58]. “*Көп үйлі ауыл* – Абайдың екі шешесі - Ұлжан мен Айғызыдың ауыллы”(I,8) сөйлемін орыс тіліне “Это было **многолюдное жилище** двух младших жен Кунанбая”(I,40) түрінде аударған. Осы сөйлемдегі “*көп үйлі ауыл*” сөз тіркесі “**многолюдное жилище**” болып берілген. “*Ауыл*” сөзі К. Бектаев сөздігінде “аул; деревня; селение; село; хутор” деп келсе, [17,66]; Е.Н. Шипованың “Словарь тюркизмов в русском языке” түсіндірме сөздігінде “*аул*” сөзіне деревня, селение, поселок; оседлое или кочевое сбороище жилищ (у татар. киргизов...) түсініктеме берілген[53,41]. Ал С.И. Ожеговтің “Словарь русского языка” сөздігінде “**жилище**” сөзіне былай анықтама берілген: “помещение, в котором живут, можно жить...”[44,197]. Мұнда “*көп үйлі ауыл*” сөз тіркесінің аудармасы “**многолюдное жилище**” сөз тіркесі ретінде суреттеме балама бола алмайды. Әйткені “*көп үйлі ауыл*” сөз тіркесін Е. Н. Шипованың түсініктемесі бойынша “**многолюдный аул**” деп аударған жөн. Бұл мысалдар семантикалық тақунаға жатады.

### *Бозбала* сөзі

Енді, баламасыз лексикадағы мағынасы жуықтасатын сәйкестіктердің бірін қолдану реалий амалына, екі тілдегі нұсқа мысалдарын келтіріп өтейік. Мәселен, *Абай бұл уақытта бала сиякты емес, жас бозбалаша киңген* (I,97).- *Абай не похож на подростка, он одет, как взрослый юноша* (I,133). Белінде

көріс белбек... бұл да анық бозбаланың белгісі (I,97).-Подпоясывается тобыктинская молодежь кушаками из голубой ткани (I,133).

**Бозбала-**“Жігіт-желен, жасөспірім үйленбекен жас жігіт” [34, 102].  
**Бозбалаша-**Бозбалага үксас, жас жігітше [34, 102].

Баламасы жок тілдік бірліктер қатарына сонымен қатар, фразеологиялық оралымдар қатарының аударылу тәсілін де жатқызуға болады. Мәселен, қазак тіліндегі *шаныракты шайқау* фразеологиялық тұрақты сөз тіркесі орыс тіліне сөзбе-сөз аударылмай, мағыналық жағынан *обливать грязью* түрінде аударылған немесе керісінше, орыс тіліндегі *вешать лапшу на уши* фразеологиялық оралымы қазак тіліне *кымыздай ағызы* болып мағыналық жағынан аударылған[31,135]. “Абай жолы” роман-эпопеясы бойынша қазак тілінен орыс тіліне тұрақты сөз тіркестерінің аударылу тәсілі әр түрлі.

Жалпы алғанда, лингвомәдениеттану – енді-енді қалыптаса бастаған, әлі де болса ғылыми үстанимдары мен межелері, тұжырымдамалары нақтылана қоймаған ғылым, екі үдай түсінік тудыратын пікір-тұжырымдар да бар: Лингвомәдениеттану ғылымының XXI ғасырда гуманитарлық ғылымдардың алдынғы сапында болатындығына көміл сенеміз. Тіл мен мәдениеттің өзара қысымының тілдегі көрінісін қарастыратын жаңа ғылыми арнаның жекелеген мәселелеріне шолу жасауымыздың себебі – лингвомәдениеттану ғылымының көп мәселесін бірнеше тілдердің материалдарын салыстыру арқылы дәлелдеу, түсіну онтайлы; әрбір тілдік единицаның мәдени-этникалық жүгінің қандай екені аудару процесінде айқын белгі береді[4,125].

Ғалым А. Алдашеваның пікіріне үнілер болсақ, екі немесе бірнеше халықтың материалдық мәдениетін (еңбек құралдары, үй-тұрмыс заттары, ұлттық киім-кешек пен гағам түрлері) және рухани мәдениетін (дүниетаным, адамгершілік, имандылық (мораль), тәрбие, білім беру, заң, философия, этика, ғылым, өнер, мифология және дін) білдіретін тілдік единицаларды түпнұска мен аударма нұсқа негізінде салыстыру – жеке адамның интеллектуалдық ой-өресінің көнеюіне ықпал жасайды, халықтардың белгілі бір хронологиялық мерзімде бір-біріне саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени әсерінің денгейін анықтауға септігін тигізеді, сондай-ақ және ең бастысы – бір тілдің лексикалық-грамматикалық, фразеологиялық жүйесі, образдылық құралдары ауқымының каншалықты екендігін көрсетеді,-деп атап өтеді[4,126]. “Паритетное сопоставление лингвокультурологических полей, - деп жазады В.Воробьев, - облегчает знание национального своеобразия народов и в то же время дает лингвистические основания для их оценки и способствует возникновению еще больших различий и более целесообразному обращению с уже имеющимися” [21,249].

Халықтық эпостарда, аныз-жырларда, өткен ғасырлардағы ақын-жыраулардың шыгармаларында және басқа да дереккөздерде сакталған этно атаулар сияқты басқа да бірқатар тілдік единицаларда да ұлттық мәдениеттен ақпарат беретін нышан болады. Бұл жөнінде аударматануда еңбек етіп жүрген ғалымдар өз еңбектерінде сөз етіп өткен. Ғалымдар тұжырымдасына назар аударар болсақ, мұндай нышан тілдік единицаның бірінде имплицитті түрде

(жасырын, байқалмайтын); екіншісінде эксплицитті түрде (анық, айқын) көрініп, танылып тұруы мүмкін. Басқаша айтқанда, тілдегі кейбір тұлғалардың сыртқы нысанының өзі «ұлттық бітімді» байқатып тұрады, ал кейбір жекелеген сөз, сөз тіркесі, фразаның нақты бір ұлтқа, мәдениетке тән белгісі қолданысқа түскенде ғана айқындалады. Аудармашының лингвоэтникалық құзіреті осындай единицаларды (лингвокультураларды) ажыратады.

Атакты болғар аудармашысы және аударма теоретигі С. Флорин “Муки переводческие” еңбегінде өзінің аударма ісінде 25 жылдық іс-тәжірибесі бола тұрса да, әр түрлі сөздіктер, аныктама және басқа да көмекші құралдар арқылы бірнеше сағат бойы сөздердің мағынасын анықтап отырған.

Орыс тілінің фразеологиялық жүйесінің ұлттық менталитетке карым-катысын зерттеген В. Телия ұлттық мәдениет пен этностың ұлттық-танымдық сипатын фразалық тіркестермен қатар халық мәдениетінің рәсімдік нысандары (ритуальные формы), паремиологиялық қор, образ-эталондар жүйесі, символ сөздер және символды таныта алатын сөз тіркестері, теологиялық атаулар, канатты сөздер мен орамдар арқылы ажыратуға болатынын дәлелдейді [4, 125]. Бұл айтылғандардың аударма әдебиет тілінің лингвистикалық ерекшеліктерін айқындауға тікелей қатысы бар. Өйткені, екі халықтың қоршаған материалдық және рухани дүниені танып-білуі, алған танымын жеткізетін (бейнелейтін) тілдік амалдары әр түрлі. Ақпаратты, мәліметті имплицитті түсінуі, ойды жеткізуі, жеткізу процесінде тілдегі құрылымдық амал-тәсілдерді игеру жағынан қарағанда, ойды берудің концептуалдық құралдарын пайдаланатын тілдер де және ойды берудің эмоционалдық құралдарын пайдаланатын тілдер де бар. Қазақ тілі де, орыс тілі де ойды нақты атаумен беруден гөрі эмоционалдық-экспрессивтік құралдармен беруге бейім тілдер: екі тілдің өлеуеті, осындай мағынаға өзек болатын образ-символдары әр түрлі; сондыктан да екі тілде де образ-бейнесі, мағынасы жағынан жуықтасатын немесе бір-біріне мұлдем қарама-қайшы тенеулер, фразалық тіркестер, канатты сөздер, сөз-символдар бар. Аудармашының көздеген мұддесі – аударма мәтінді төл тілдің табиғи қалпымен жасау; сол себепті де түпнұсқадағы сөздің, сөз тіркесінің сыртқы формасынан емес, негізгі стильдік-көркемдік мақсатынан шыға отырып, ол қазақ тілінің номинациялау, образ жасау, бейнелеп айту корындағы ұлттық нышаны бар ұлгілерді, “халықтық стереотиптерді” қолданады. Ұлттық нышанға ие тұлғалар казақ тілінің фразеологиялық жүйесінің, тенеулер жүйесінің, діни ұғымдардың, сөйлеу әдебіне қатысты сөздер мен сөз тіркестерінің, тұрмыстық атаулардың қолданысынан көрінеді.

Әр халықтың тіліндегі ұлт мәдениетінің басты сипаттарының белгіленуі, мәдениеттің тілдеңі көрінісі, қоршаған ортаның тіл арқылы суреттелуіндегі ұлттық мәдениетіне, этикасына тән өзгешеліктер турасындағы мәліметтер жоғарыда аталғандармен қатар уакыт пен кеңістікке, сөйлеу әдебіне қатысты параметрлерде, сондай-ақ сөздің басқа да бірқатар лексикалық-семантикалық топтарында сакталған және жинақталған.

Тіл – тілдердің лингвомәдени ерекшеліктері әдебиет, тарих, мәдениет, философия, этика, антропология ғылымдарымен байланыстыра қарағанда ғана кешенді, жүйелі шешіледі. Ал біз өз тараپымыздан ғылыми-зерттеу

жұмысымызда қазак тілінде ұлттық мәдениеттің нышанын, ерекшелігін танытатын тілдік единицалардың бірқатарының аудармада колданылуын сөз етпекшіміз. Осыған орай лингвомәдени сипаты, ұлттық «кескіні» бар тілдік единицалардың аудармадағы жұмсалу мақсаттары мен себептерін ашуға тырыстық.

## II.2 ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТИНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ұлы жазушы М.О. Әуезовтің “Абай жолы” роман-эпопеясы бойынша орыс тіліне аударылған сөздер мен сөз тіркестерінің, сөйлемдердің лингвомәдени ерекшеліктерін анықтау барысында төмендегідей міндеттер жүзеге асырылды:

- казақ халқының дәстүрлі қолөнеріне (киіз үй, ыдыс, мата және ұлттық киім атаулары) қатысты атаулардың аударылу ерекшеліктеріне мән беру;
- казақ халқының дәстүрлі шаруашылығына тән атаулардың (оның ішінде, тәл атаулары, ұлттық тағамдар, аң аулаудағы айла-тәсілдер) бір тілден екінші тілге аударылу мәніне көңіл бөлу;
- казақ халқының салт дәстүрлеріне байланысты атаулардың (ұлттық ойын түрлері, асық түрлері) аудармадағы сипатын айқындау;
- адамға байланысты атаулардың (адамның жасына, қызметіне, дene пішініне, мінез-құлқына байланысты атаулар) аударылуындағы баламаларды саралап айқындау. Адамның санасымен, айқындалатын шындықтың барлық заттанушы элементтері тілдік таңбалау арқылы көрініс табады. Яғни, этностың ақықат өмірдегі заттар мен құбылыстар туралы аялық білімі танымдық қызметінен, яғни адамның ойлау жүйесімен байланысты болады.

Енді әрбір міндет түріне токталуда мысалдар негізінде дәлелдеп өтейік.

Қазақ халқының дәстүрлі қолөнеріне (киіз үй, ыдыс, мата және ұлттық киім атаулары мен бөлшектері) қатысты атаулардың аударылу ерекшеліктерінің сипатын ашу мақсатында екі тілдегі сөйлем нұскаларын келтіріп өтейік.

### **-киіз үй атаулары негізінде:**

*Сүйіндіктің аппақ үлкен үйі жылы екен, іші тола тірелген жүк, буулы тең менен сандықтар оның ар жағы екі босағаға шейін текемет, алаша, түсқиізбен коршалышты (I,140). – В большой юрте Суюндика было тепло: ее покрывали два ряда войлока снаружи и шерстяные вышитые ковры или узорчатая кошма внутри (I,173).*

*Босағада малшы катын үлкен күбіге іркіт пісіріп түр. Бір жағынан кең қазанда құрт қайнап жатыр екен. Ет асқысы келмеген үйге ол бір жақсы сылтау болатын (I,156). – У самой двери скотница готовилась варить овечий сыр. Посредине кипел большой котел. Когда в доме варят сыр, котел занят. Это – удобное оправдание для тех, кто не любит угождать гостям мясом (I, 190).*

“Күбі” сөзінің мағынасын ҚТТС-тен карастырып көрейік. **Күбі-“Іркіт пісетін, көже ашытатын, ағаштан жасалған ыдыс, бөшке”** [34, 333]. “Котел” сөзіне ОТГС-те белгілі түсініктеме берілген: “*Небольшой металлический*

“сосуд для еды, для варки пищи над огнем” [51, 350]. “Күбі” ағаштан жасалған ыдыс болса да, орыс тілінде “металдан жасалған ыдыс” сипатында аударылған. Сонда “күбі” казак халқының ұлттық заттық материалы болып табылады. Бұл сөз орыс тілінде – лакуна күбылысы.

*Улкен ак үйдің оң жағына әкеліп, әжесінің жер төсегін жайлап берді де, шешіндіріп жатқызып, өзінің мол пүшпак ішігімен жауып, қымтап қойды (I,44). –Приготовив постель в правой части юрты, возле лежанки Зере, она молча уложила сына и укрыла его своей лисьей шубой (I,78). Құнанбай - өз басы бір шешеден жалғыз, бәйбішениң жалғызы. Қара шаңырақ иесі (I,62).– Кунанбай – единственный сын своей матери Зере, старшей жены его отца. Большая юрта рода осталась за ним; он владеет огромными богатствами, пользуется неограниченной властью (I,98). –Түңлікті жауып, есікті түріп қойшы (I, 44). – Закрой тундуқ, чтобы солнце его не беспокоило, и опусти дверь(I,79). Соның отауы түссін (I,228).– Зачем же, оттягивать дальнейше – Пусть утвердиться Молодая юрта Такежана (I,261).*

–мата және ұлттық қиім атаулары негізінде:

*Оның ішінде келінге жасау тігілетін батсайы, мақпал, манат, дүрия, шаги бөлек салынған. Шапан, қамзол, қойлек, шариы(I,231). –Два верблюда были навьючены с приданым невесты, здесь были пестрые шелка, бархат, сукно, шали. ...Чапаны, рубашки, платки, кафтаны, материю и обувь для подарков новым родичам (I,264). Бөлменің есігінен төріне дейін қымбат қызыл кілемдер жайылған. Қабырға атаульда қала сәнімен жиналған ішіктер, кестелі жайнамаз, оюлан жазылған дұгалақтар, тосек-орын, құс жастық, жібек шаршау, шілтерлер де көп(I,101).– Была устлана пестрыми коврами с пригудливыми узорами. На стенах, как принято в городе, висели дорогие меховые шубы, вышитые молитвенные коврики, изречения, писанные на материи арабской вязью. Блестели металлические кровати, шелковые занавески, красивые сюзане (I,138). Бұл сейлемде шілтер сөзі “сюзане” болып аударылған. “Шілтер” сөзінің орыс тіліндегі аудармасы-кружева, решетка, сетка. Сейлемдегі шілтер сөзін аудармашы орыс тіліне аудару барысында нақты атауымен бермеген.*

*Үстінде қара құлыш жарғагы бар, күміс кісе буынған, қара мақпалмен тыстал, қызыл түлкі тымак киген Құнанбай қара жарғақ сары атқа жақсы жарасады (I,127).– На нем черная доха, пояс с серебряными украшениями, на голове – лисья шапка с черными бархатным верхом (I,164). Бөлменің едені мен іргесі толған, жапырлан тізіген кебіс, калоши, саптамалар екен (I, 121).– В прихожей на полу рядом стояли калоши и сапоги с войлочными чулками (I,158). Саптама-“Шинен киіз байпак киетін, қонышы жуан қара санға жететін казакы былғары етік”[34, 554]. Саптама сөзі орыс тіліндегі нұсқада сапоги с войлочными чулками түрінде аударылған.*

Казак халқының дәстүрлі шаруашылығына тән атаулардың (оның ішінде, төл атаулары, ұлттық тағамдар, аң аулаудағы айла-тәсілдер) бір тілден екінші тілге аударылу мөніне қонціл бөлсек, көркем аударма өнерінің әр түрлі өзіндік ерекшеліктерін төмендегі сейлемдерден байқаймыз.

–ұлттық тағам атаулары бойынша:

*Екі колдарына екі-екі үлкен жасаулы табақтар алыш, Жұмағұл, Карабастар келеді екен. ... Ылғи бір түрілген қазы, тоңкерілген жас құйрық, сары алтындаі балқыган жал, жеселін майлар... Эрбір екі табақтың бірінде, әлгінің үстіне бір-бір қоңыр бас орнаты. --Ой, тұздықтарың кайда? (I,120).- Четыре джигита с глубокими блюдами, наполненными мясом. Толстые казы, слоящиеся кюрдюки, желеное сало загревка и вымени... Голова барана увенчивала каждое второе блюдо. --Эй, где тұздық? (I,157). Бұл сөйлемде “тұздық” сөзі сол калында аударылмай, “тұздық” түрінде берілген. ҚТС-те “тұздық” сөзінің берер мағынасы былайша: *Туралған, піскен еттің үстіне қую үшін тұз, пияз салып дайындалған майты сорпа.* ОТС-ті қарастырганымызда, тузлук сөзінің-раствор соли для засола рыбы, икры, для обработки кожевенного сырья мағынасын беретінін байқадық. Сонда тұздық жасау үрдісі қазақ халқының ұлттық ерекшелігі, орыс халқының ұлттық тағамына тұздық жасау тән емес. Сондыктан тұздық сөзінің орыс тіліндегі аудармасы жок.*

#### **төл атаулары:**

*Бағанадан бері бірнеше ту бие, қысыр тай, тәл емген жабагы, талай-талай кек, ту қойлар жұтылған болар (I,121).- ... успели уничтожить несколько отгульных кобыл, двухлеток и однолеток, и нечетное число баранов (I, 158). Ұзак тұрғаннан бері мінілмей, жемде ғана тұрган семіз сәйгүлік аттары майланып кеткен болатын (I,124).- Но от долгой стоянки на откорме кони слишком разжирели (I, 159).*

Қазак халқынын салт дәстүрлеріне байланысты атаулардың (ұлттық ойын тұрлери, асық тұрлери) лингвомәдени аудармадағы сипатын төмендегі мысалдар арқылы көруге болады.

#### **-ұлттық ойын тұрларі:**

*Ертен ат шабады, балуан күреседі. Эр алуан бәйгелер бар. Түйе бастақан тогыздан бәйтеге шығарыпсындар (I,257).-Начиналась байга, борьба и состязание на конях (I,291). Каждая байга состояла из девятки (I,292). - Бәрекелде, мына қызыкты кара! Бастаңы істеп жатыр. Мынау ауыл алтыбақан теуіп жатыр! (I, 270). - Э, посмотри- ка, у них бастаңы! Вон на качелях качаются (I,299). Сонда тайга шапкан, асық, ойнаған құрбы балаларымен жаяу жарыс жасап, асыр салған ең соңғы бір ыстық коныс осы болатын(I,7).-Недавно еще он веселился здесь, бегая с мальчишками наперегонки, устраивая скачки на жеребятах-однолетках, играя в бабки (I,38). Абай аты аталғанда, әлпеншек тоқтатып, ән де басылды (I,271).- Услышав имя Абая, молодежь оставила качели (I,300).*

Адамға байланысты атаулардың (туыстық атаулар, адамның жасына, қызметіне, дене ішініне, мінез-құлқына байланысты атаулар) аударылуындағы баламаларды саралап айқындауда төмендегі сөйлемдердің орыс тіліне аударылуын атап отуге болады.

**туыстық атаулар:** Тегіс өзіне мәлім агайын, туысқандары. Ылғи үлкендер екен. Орта тұста, ак сенсөң ішігін желбегей жамылып, зор денелі, қызыл күрең түсті Майбасар тұр(I,97).- Чужих не было ни одного, -все знакомые или близкие сородичи, почти все-пожилые люди. Среди них стоял Майбасар-большой, цветущий, в мерлушковой белой шубе...(I,134).-Кап, мына

*Шаншардың жиені!... Ұлжан жесеңешем-ау, сені бүйткізіп отырған. --Бәсеке, нағыз Тонтай! -Тонтайдың жиені ғой!*(I, 118).- Так ведь он-потомок Шаншара! Это он в родню Улжан, пошел!... -Ясно, он же Тонтай! -Прямой потомок! (I, 155).

**-адамның жасына, қызметіне, дене пішініне, мінез-құлқына байланысты атаулардың аударылуы:**

*Байсал да сондай мол ру – Көтібактың тұрғысы. “Тоқпақ жалды торы” деп атағанда, үйірі қалың айғырдай, көптігінен атанған (I,22).-Байсал-старейшина крупного рода Котибак. Род этот многочислен и силен,-недаром он носит произвиде ‘Косяк густогривого гнедого’(I,56). Осындай жыында үлкенді-кішілі рулардың атқамінер, ақсақал, қарасақалы араласып жатты (I,227).-В многолюдных сборах принимали участие все аксақалы и карасақалы (I,260). Құфасының аумына Ұлжан отыз шақты кісімен келген (I,231).- Свадебный поезд жениха приехал в аул будущего тестя (I, 263). Күндегі машық бойынша келіп жататын атқамінер, даугер, арызылыар (I, 106). - Это аткаминеры, приехавшие с тяжбами, и истицы... (I,133). Сөйтіп, келесі жылдарда осы аста жықкан балуан, осы аста бәйгеден келген жүйрік, осы аста жақсы айтылған қалжың, жақсы созбен көрінген шеңен жандардың аты оқшауланып, ұмытылмай ере жүретін болады (I,266).- И как всегда, в памяти у всех останутся и имена борцов-победителей, и клички коней, выигравших байгу, и меткие шутки, и люди, отличившиеся красноречием и находчивостью во время торжества (I,295).*

Екі немесе бірнеше халықтың материалдық және рухани мәдениетін білдіретін тілдік единицаларды түпнұска мен аударма нұсқа негізінде салыстыру – жеке адамның интеллектуалдық ой-өрісінің кеңеуіне ықпал жасайды, халықтардың белгілі бір хронологиялық мерзімде бір-біріне саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өсерінің деңгейін анықтауға септігінн тигізеді, сондай-ақ және ең бастысы – бір тілдің лексикалық-грамматикалық, фразеологиялық жүйесі, образдылық құралдары ауқымының қаншалықты екендігін көрсетеді. “Паритетное сопоставление лингвокультурологических полей,-деп жазады В. Воробьев,-облегчает знание национального своеобразие народов и в то же время дает лингвистические основания для их оценки и способствует возникновению еще больших различий и более целесообразному обращению с уже имеющимися” [27,123].

Көркем әдеби шығармалардың бір тілден екінші бір тілге көркем аударылуында тілдер арасындағы лингвомәдениеттану саласының орны ерекше.

Корытындылай келгенде, жоғарыда сөз етілген мәселелер бойынша төмендегінше кыскаша тұжырым шығаруға болады:

1. Лингвомәдениеттану шенберінде қарастырған бірсыныра зерттеулер мен тұжырымдар бар. Лингвомәдениеттанудың объектісі ретінде “тіл - мәдени ақпараттың трансляторы” ретінде түсіндіріледі.

Фалым В.А. Маслова лингвомәдениеттану бірліктерінің қатарына:

- мифологиялық тілдік бірліктерді (мәдениеттің, аңыздар мен дәстүрлердің тілге бекітілген дәстүрлі-тұрмыстық формаларын);

- тілдің паремиологиялық корын (мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар);
- тілдік әдептілікті;
- тілдік этикет негіздерін;
- символдарды, стереотиптер мен эталондарды;
- бейнелерді;
- тілдің стилистикалық корын;
- тіл мен діннің өзарабайланыстырығын жатқызады.

Осылардың катарында сонымен катар лингвомәдениеттану единицасы ретінде *баламасы жеке тілдік бірліктер* мен *лақуналар* қарастырылады[50,41].

Төменде берілген міндеттерге сүйене отырып, М. Әуезовтін “Абай жолы” романы негізінде мысалдар арқылы көркем аударманың лингвомәдени ерекшеліктері анықталынды:

- қазақ халқының дәстүрлі қолөнеріне қатысты атаулардың аударылу ерекшеліктеріне мән беру;
- қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығына тән атаулардың бір тілден екінші тілге аударылу мөніне көніл бөлу;
- қазақ халқының салт дәстүрлеріне байланысты атаулардың аудармадағы сипаттын айқындау;
- адамға байланысты атаулардың аударылуындағы баламаларды саралап айқындау.

Жұмысымыздың осы бөлімі арқылы біз ең алдымен, аудармадағы лингвомәдениеттану бағытының қыр-сырымен кең түрғыдан танысып өтуді жөн көрдік. Сонынан лингвомәдениеттанудың тілдік бірліктері, көркем аударманың лингвомәдени ерекшеліктері арқылы көркем аудармадағы көркем әдеби шығармалардың бір тілден екінші бір тілге көркем аударылуында тілдер арасындағы лингвомәдениеттану саласының орны ерекше екендігіне көзіміз жетті.

## III. КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЛАКУНА МӘСЕЛЕСІ

### III.1. АУДАРМАДАҒЫ БАЛАМАСЫ ЖОҚ ТІЛДІК БІРЛІКТЕР

Лингвомәдениеттанудың объектісі ретінде лингвомәдени маңызға ие тілдік бірліктер алынады.

Қазіргі тіл біліміндегі семиотика үш ірі топқа жіктелетіні мәлім. Яғни, синтаксика, семантика, прагматика. Г. Клаус семиотиканың төртінші түрі - сигматиканы бөліп көрсетеді. Семиотиканың аталған төрт түрі ұлттың мәдени мәнін қарастыра стырып, лингвомәдениеттанудың объектілері болып табылады. В.В. Воробьев мұндай тілдік бірліктерді **лингвокультурекмелар** деп атайды.

Аудармадағы сөз таңдау мәселесіне катысы бар топтың бірі - **баламасыз лексика( безэквивалентная лексика)**. Бұл қатарға халықтың материалдық және рухани мәдениетінен хабардар ететін барлық мәліметтерді сақтайтын және жинактайтын кумулятивті қызметі бар, екінші бір халықтың мәдениетіне тән емес, сондықтан сөздік құрамында бұндай айырмашылықтар өсіреле тұрмыстық қарым-қатынастарды, халық дәстүрлерін, діни салттарды атайдын сөздер мен тұракты тіркестер арқылы танылады[31, 135].

Аударматанудың теориялық және практикалық мәселелері талданатын енбектердің барлығында да баламасыз лексика (безэквивалентная лексика) термині колданылады. Көркем аудармадағы баламасыз лексика дегеніміз - екінші тілде мағыналық ұғымдық көлемі жағынан сәйкес келмейтін, сол себепті аударылуы киындық келтіретін, болмаса төржімалаганда суреттеу, түсіндіру, шамаластыра аударуды қажет ететін сөздер тобы[4, 179].

Баламасы жоқ тілдік бірліктер немесе баламасыз лексика - халықтық ұлттық-мәдени ерекшеліктерін танытатын атаулар, реалийлер; ғалымдардың көрсетуінше, баламасыз лексика дегеніміз – “слова, служащие для выражения понятий, отсутствующих в иной культуре и в ином языке, слова относящиеся к частным культурным элементам характерным только для культуры А и отсутствующим в культуре Б, а также слова, не имеющие перевода на другой язык, одним словом не имеющие эквивалентов за пределами языка, к которому принадлежит”[20,56].

“Абай жолы” роман-эпопеясының орыс тіліне аударылуында біздіңше баламасыз лексика единицасы негізінде аударылған тұстар да кездеседі. Мәселен, *Абай кора ішіңде келе жатып, “Анау”, “Көз таңба”* дейтін кос дөңгелек-Арғын, *Бошан аттары. Мына біреу “ашамай” таңба-Керей. “Шөміш” таңбалы-Найман скен ғой. Араптың “шын” өрпіне ұқсаған Төре таңбасын да таныды(I,101). –Вот кони с круглыми тавром, “глаз”-значит они принадлежит Арғызу “Бошану”. Вот “бычье седло”-тавро Керяя, чей же это серый конь? Да ведь он с тавром “поварешка” значит кто-то из Наймана, арабскую букву “шин”, это тавро тюре знатных лиц (I,137). *Тірсек жең қора қамзолдың сыртынан шишақ ішігін желбекей жамылыш отыр екен. Басында сұргылт түсті сырма тақиясы бар. Казакы тақия* (I,101).-Алшинбай сидел, накинув на тиги лисью шубу поверх черного бешмета. Стегенная в узкую полоску*

*казахская тюбетейка стального цвета (I,138). Болмаса, сүр шекпенди кигізіл, бойын кезден, айдатқанша токтамаспын (I,102).-Пусть перестанет подавать жалобы иначе не успокоюсь и я, пока не наденут на него серого кафтана и не сошлют подальше! (I,138). Бәлменің есігінен төріне дейін қымбат қызыл кілемдер жайылған. Қабырға атаулыда қала сәнімен жиналған ішіктер, кестелі жайтамаз, оюлат жазылған дүргалықтар. Төсек-орын, құс жастық, жібек шаршау, шілтерлер де көп (I, 101).- Была устлана пестрыми коврами с пригудливыми узорами. На стенах, как принято в городе, висели дорогие меховые шубы, вышитые молитвенные коврики, изречения, писанные на материи арабской вязью. Блестели металлические кровати, шелковые занавески, красивые сюзане (I,138). Күн шағырмак ашиқ. ... Эсем таудың да қарағай атаулысын күпсек қар басқан шытқыл аяз барр. Аяғының астында шыныланған қатқыл қар сықыр-сықыр етеді. Саркідір болған қардан етігі тайғанай береді (I,97).- Стояли морозные ясные дни. Стройные сосны пригорода тоже утонули в снежных сугробах. Твердый, плотный снег звонко скрипит под ногами. Остроносые новые сапоги скользят по натоптанной дороге(I,133). Босагада маңы қатын үлкен құбіге іркіт пісіп тұр. Бір жағынан кең қазанда құрт кайшап жатыр екен(I,156).-У самой двери скотница готовилась варить свежий сыр. Посередине кипел большой котел(I,190). Мұнда бүтін сыбага әкелген әйелдер көп екен. Күнкеге бірі келін, бірі абысын есепті. Қыстан сактал шықкан сүрлерін әкеледі(I,59). – Все они приехали в гости и привезли полагающиеся по обычаям угощение(I,95).*

Сонымен, баламасыз лексика қатарына халыктың материалдық мәдениетінен хабардар ететін, екінші бір халықтың мәдениетіне тән емес, сондыктан сөздік құрамында жоқ реалий атаулары жатқызылады.

Сөйлемдердің орыс тілді аудармасының кейір тұстарында **қазан-котел, сыбага, сур-ухожение, құрт-сыр** және т.б. жалған балама мысалдары деп ойлаймыз.

Көркем аудармадағы жалған балама жөнінде айтылған ғалымдар еңбектеріне шолу жасап өтейік. Аударматану ғылымымен шұғылданатын шетел ғалымдарының көпшілігі екі тілдің арақатынасында баламасыз лексикалық единицалармен катар жалған баламалардың (ложные эквиваленты) болатындығына назар аударып өтеді. Орыс ғалымы А.Федоровтың пікірінше, жалған балама дегеніміз-«слово, полностью или частично совпадающее или близкое к нему по звуковой или графической форме с иноязычным словом при наличии полной этимологической общности между ними но имеющее другое значение при известной смысловой близости»[54,140]. Атап ететін жайт-түпнұсқадағы сөздің сыртқы нысанына, айтылуына және оқылуына орай, оның негізгі мағынасын немесе этимологиясын ескермesten «жалған» балама жасау еуропалық тілдерден орыс тіліне аудару барысында жиірек кездеседі. Бұл, шамасы, осы тілдердің лексикалық құрамында, грамматикалық жүйесінде біршама орталықтар бар екендігіне байланысты болуы керек. Мысалы, *академик* жалпы интернационалдық терминдік мағынасымен бірге «жоғары білімді адам; студент» деген үгымдарды қамтиды. Контексте «жоғары білімді адам» мағынасында қолданылғытын «академик» сөзін «академияның толық

мүшесі» мағынасында аудару «жалған» балама жасайды, сөйтіп, сөздің мәтін денгейіндегі мағынасын ескермеу аудармадағы жаңсақтықтарды тудырады [4, 190].

Жалған балама деп тануға болатын сөз қолданыстары кездесіп тұрады. Олар: тұпнұсқадағы сөздің сыртқы нысанын /план выражения/ жи қолданыстағы, таңыс сөздің графикалық көрінісімен шатастырудан туады.

Жалған баламалардың жасалуына, сондай-ақ тұпнұсқадағы жергілікті тіл ерекшеліктеріне тән сөздің мағынасын немесе терминдік дефинициясын аңғармауышылық та әсер етуі мүмкін. Мысалы, лексикографиялық анықтамасы бойынша ТЯТЯ-отец. Осы сөз казак тіліндегі тәте сөзіне сыртқы нысаны жағынан үқсас болғандыктан апа деген балама арқылы берілген:

- Тебя тятя высечь хочет,-поспешно покричал первый голос
- Апам сені сабаймын дейді,- деп жалма-жан жауап қайырды.

Осы мысалдар сияқты сыртқы түр-тұрпатын ғана негізге алып, сөздің ішкі мағынасын ескермеуден туатын жалған эквиваленттер жалған баламалар қатарын күрайды. Шығарманың тақырыбын, тілін, тұпнұсқа авторының сөз сиптауына тән сипаттардың назардан тыс қалуы, кей тұстарда аударманың стильдік нормасының бұзылуына әкеліп соғады [4, 192-193].

### **III.2 ЛАКУНДЫҚ ҚҰБЫЛЫС ТҮРЛЕРИНІҢ ТІЛДЕГІ СИПАТЫ**

Лингвомәдениеттанудың баламасы жоқ тілдік бірліктер (немесе баламасыз лексика) единицасынан басқа лакуна единицасы да сөз етіледі. **Лакун** (лат.- бос кеңістік, түсін қалушылық, түсіріп тастау) тек басқа бір тілде бар сөздер мен ұғым-түсініктердің екінші бір тілде болмауынан ғана емес, белгілі бір аспекттің немесе сол не басқа шындықтың болмауы соншалықты маңызды болмағандығынан туынтайтының. Лакундар аталмыш сипатымен ғана түсіндірілмейді, сондай-ақ белгілі бір мәдениетке қатыссыз болса да басқа мәдениеттің ұғымы не шындық болмысының аспектісінін бөлініп көрсетілуі болып табылады. Мәселен, ғалым З.К. Темірғазина лакун мәселесін сөз еткенде, *ат* сөзінің екі тілдегі, яғни қазак және орыс тілдеріндегі лексика-семантикалық тобын салыстырып қарастырады. Мәселен, орыс тілінде-лошадь, конь, стригунок, жеребенок, жеребец, кобыла, скакун, иноходец, кляча деп аталса, қазак тіліндегі *ат* сөзінің лексика-семантикалық тобы-*ат*, бие, айғыр, құлыш, құнан, тай, жылқы, асау, жүйрік, тұлпар, мәстек, жайдақ, жорға т.б. Екі тілдегі *ат* – төрт түлігіне қатысты сөздерге саны жағынан баға берер болсақ, өрине қазак тіліндегі атауларының саны асып түседі. Өйткені, қазак халқы ықылым заманинан бері озінің тұрмыс-тіршілігінде төрт түлік малдың ішінде, әсіресе жылқы малың азық етің, қымызын ішіп, мінсе көлік ретінде пайдаланып келуде. Сондықтан да, қазак тіліндегі атқа қатысты атаулардың орыс тіліндегі *ат* атауларымен салыстырылғанда асып түсетін себебі, орыс халқында *ат* тек аталағы не аналығына байланысты немесе жас ерекшелігіне сай аталса, қазак халқында аттын жас ерекшелігінде әрбір жарты жыл сайынғы жас шамасына және аттын әр түрлі белгілеріне, ерекшелігіне өзінше ат тағылған. Мәселен, 1 жастағы атты қазактар құлыш деп, 1,5 жастағы атты құнан деп атаса, тай деген

атау 2-2,5 жасар атка берілген. Мінілмеген атқа асау ат деп баға берсе, бәйгеге қатысатын атты жүйрік ат деп атаған. Сол сияқты мәстек (шабан ат немесе ұзак кашықтыққа жаратылған ат), жорға (семіртуге арналған ат). Осы тәріздес ат сөзіне қатысты атаулар тек қазақ тілінде кездесетін құбылыс. Ал мұндай атаулар орыс тілінде кездеспейтін болғандықтан, лакун сөздер болып табылады.

Лакун теориясының авторлары Ю.А. Сорокин мен И.Ю. Марковина тіл білімінің этнопсихолингвистика бағытында қарастырып өтеді. Ғалымдардың шікірінше, “... феномен лакун можно охарактеризовать следующим образом. Лакуны в самом общем понимании фиксируют то, что есть в одной лингвокультурной обиности в сравнении с некоторой другой общиностью”. Бұл анықтама Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаровтардың “баламасыз лексика” үғымына берген анықтамасымен сәйкес келеді. Сонда ғалымдар баламасы жоқ тілдік единица мен лакунға бірдей анықтама беріп өтеді. Алайда ғалым Г.А. Қажығалиева “Культурологический аспект в работе над художественным текстом” атты ғылыми монографиясында мұндай көзқараспен келіспейтіндігіне атап өтеді [31, 149б.]. Бұл жерде ғалым орыс тіл білімінің ғалымы В.А. Маслованың лингвомәдениеттану бағытында баламасы жоқ тілдік единицалар мен лакунларды бір топқа жатқызатындығына тоқталып өтеді.

Лакун теориясын зерттеуші ғалым В.Г. Гак “қозғалыс құбылысының” семантикалық лакуның орыс және француз тілдеріндегі баламаларымен салыстыра қарайды. Мысалы, орыс тіліндегі “плыть” (жұзу) етістігі плывет человек, пароход, лодка, бревно, палка тәрізде келсе, бұл мысалдардың француз тіліндегі көрінісі navuque-“плывет пароход”, nager-“плывет человек”, flotter-“плывет бревно” тәрізде аударылады. Тіл білімінде аударма мәселесінде белгілі бір сөздің бір тілден екінші бір тілге аударылуында накты дәлме-дәл, сөзбе-сөз аударылмай, мағыналық жағынан аударылуы кездеседі. Сөздердің мағыналық жағынан аударылуы біздіңше семантикалық лакундар болып табылады. Аудармашы сөзді бір тілден екінші бір тілге мағыналық жағынан аударғанда оның (аудармашының) ен алдымен лингвомәдени компетенциялық қасиеті қалыптасуы керек. Мәселен, атакты француз жазушысы А. Дюма орыс тіліндегі “дущенька” (казақ тілінде - қалқажан) сөзін француз тіліне “моя маленькая милая душа” деп аударып өтеді. Бұл жерде **аударма** бейнелеп суреттеу көмегімен басқа тілді түсіндіретін сөздің эмоционалды-экспрессивтік мәні арқылы берілген.

Контеңен тілдерде семантикалық жағынан ұқсас фразеологиялық тұрақты сөз тіркестері кеңінен кездеседі. Ондай мысалдарға мәселен, орыс тіліндегі *копейки не стоит, гроша ломаного не стоит* мысалдарын жатқызсак, қазақ тіліндегі *көк тиын тұрмайды, латын тіліндегі стоит acca* мысалдарын жатқызамыз. Мұндай тұрақты сөз тіркестері әр түрлі халыққа тән болғанымен, бір когнитивті механизмге негізделген. Яғни, әдептің этиканың, интеллектуалдық баға берушіліктің иерархиялық тәменгі сатысы ең тәменгі ақша бірлігімен өлигенеді- *копейка, грош, тиын және acca*.

Алайда қарым-қатынас жасау барысында баламасы жоқ фразеологиялық оралымдар да бар. Ондай фразеологиялық оралымдар әр түрлі этникалық

қауымның шындық болмысының көрінісі ретінде танылады. В.Д. Ушаков өзінің “Фразеология Корана” еңбегінде когнитивті механизм бойынша ұқсас баламасы жоқ идиом сөздер қатарын көрсетеді.

Сонымен, лакуна сөзі (лат. Lacuna-қуыс, кеңістік, тастап кету, аралық) белгілі бір тілдегі сөз не мағынаның болмауынан басқа бір тілдің түсінігіне мәдениеті арқылы берілуі; бір тілді екінші бір тілмен не тілдер тобымен салыстыру нәтижесінде туындауды.

Тіл білімінде этнографизм мәселесі әлі де болса толық қарастырылмай келе жатыр. Орыс тіл білімінің ғалымы О.В. Ладисованың “Лексикалық этнографиялық ішкіжүйеаралық лакундардың әр түрлілігі” мақаласы осы мәселеге ариалған. Лексика жүйесіндегі этнографизмдер деп бірсызыра ғалымдар (Н.М. Шанский, А.В. Калинин, О. Н. Мораховская, Е.Н. Этерлей және т.б.) белгілі бір сол немесе баска халықтың не жергілікті ерекшеліктің күнделікті тұрмысына, шаруашылығына, мәдениетіне тән сөздердің атауларын жатқызады. Басқа ғалымдар этнографизм сөздер қатарына (Н. А. Мещерский, О.Н. Нечаева) табигат, рельеф, флора және фауна ерекшеліктерін сипаттайтын сөздерді де жатқызады. Сонымен біздінше, “этнографизм сөздер дегеніміз - белгілі бір халықтың не ұлыстың заттық не рухани мәдениетінің, тұрмысының ерекшелігімен байланысты зат не құбылыс атауларын білдіретін сөздер”.

Ұлттық тілдің екі жүйесінің лексикасын, яғни әдеби және диалекттік жүйелерін салыстыра зерттеуде, этнографиялық лакундар мәселесі көтеріледі. Себебі әдеби тілде этнографизмдердің баламалары болмағандықтан, тіл білімінде лакун сөздерге сүйсіп отушілік бар. Сонымен тілде этнографиялық лакундар абсолютті лакундар, қатыстылық лакундар, ассоциативті лакундар, векторлық лакундар, стилистикалық лакундар, имплицитті лакун тұрлері болып бөлінеді. Осы аталған лакун тұрлерінің барлығы тілдің әдеби нормасы мен диалектологиялық ерекшеліктерін салыстыру мақсатында келіп шыққан.

Зерттеуші-ғалым О.В. Ладисова В.Л. Муравьев әдісін қолдана отырып, орыс әдеби тілін Рязань облысының говорымен салыстыра қарастырады. Ғалым синтаксистік объективация деңгейінде берілген әдеби тілдегі лакун қатарын бірнеше сөздік оралым арқылы ацғарған. Мәселен, *рукоятка сковородника-чапельник; ручка для ухвата-рогачник; теплая пристройка к избе-приделок* және т.б.

Жоғарыда аты аталып өткен абсолютті лакун жайында айттар болсак, оның негізгі белгілері мыналар: әдеби тілде немесе диалектте бейнелеу деңгейіндегі ұғымды сипаттау үшін сөз не фразеологиялық тұрақты сөз тіркесінің болмауы; Катыстылық лакундары тілдің екі (әдеби тіл және диалект) ішкі жүйесіне ортақ мәндегі сөздер колданысы жиілігін салыстыруда бөлініп шығады. Яғни әдеби тілде фразеологиялық тұрақты сөз тіркесін құрастырмайды және диалектте фразеологиялық сөз тіркестерінің туындауына негіз болады. Әдеби тілде ауыспалы мағынаға ие болмайды және диалектте қайта мәнгे ие болады. Диалектте көптеген туынды сөздерді жасай отырып, әдеби тілде әлсіз деривацияға ие болады. Мысалы, орыс тіліндегі “биток” (“бита” сөзі асық ойынында колданылатын зат) сөзі әдеби тілде қатыстық мәнге

ие бола отырып, говорда фразеологиялық сөз тіркесінін (“*как биток*” - *қазақша “асықтай”-күйлі адамды айтады*) жасалуында ұйытқы сөз ретінде танылады.

Ассоциативті лакундар - әдеби тілді ұстанушыларда ешқандай барабар ассоц

иация түндаткызыбайтын сөздер жатады. Мысалы: мінезі тұрақсыз, тез ашуланатын адамды “*голенщина*” деп атайды. “Голенщина” сөзі Рязань облысының Голенчино ауылының атауынан келіп шыққан. (Голенчино жерінде ақыл-есі кем адамдардың үйі орналасқан).

Векторлық лакундар - диалектте бар туынды бір сөздің не түр атауларының әдеби тілде ұшыраспауы немесе керісінше. Орыс тілінде “*корзина*” әдеби сөзінің басқа атаулары өр түрлі берілген. Набирка- пішіні шағын, кайың қабығынан істеліп мойынға жіп арқылы байланған жидек теру үшін қолданылатын көрзенке түрі. *Кузов* – қайың қабығынан тоқылған көрзенке атауы. *Кошелка* – шыбықтан тоқылған көрзенке. Керісінше диалекттік туыстық атаулар, мәселен, “*волога*” диалект сөзі әдеби тілде бір сөздік атауға ие емес, тек түрлерімен ғана шектелуі мүмкін (*қаймақ, ірімшік, май*).

Стилистикалық лакун да бір сөздің этнографизмнің ішкі жүйесінің екі түрінде де бірдей стилистикалық бояуға ие болғанымен, этнографизмнің тек бір жүйесінде ғана қолдануы.

Имплицитті (немесе жасырын) лакундар В.Л. Муравьевтің айтуынша, сөздің таза ұлттық тілдік шынайы көрінісі бола отырып, семантикалық өзінділігі әрқашан таныла бермейтін, белгілі екі тілде де кездесетін сөздер тобы. Галымдар Е.М. Верешагин мен В.Г. Костомаровтың айтуынша, мұндай сөздер “*ұлттық мәдени семантиканы сактап қалушы сөздер*” болып табылады. Диалекттік сөздердің өзінділігі әрқашанда таныла бермейді. Сөздің әдеби тіл мен диалекттік атауларын салыстыру барысында ғана жасырын ұғымның мағынасы айқындала түседі. Мәселен, *сарафан* орыс әдеби тілінде біріншіден, ұзын жәнді койлектің сыртынаң киілетін женсіз шаруа әйелдерінің киімі; Улken қыкты әйел-қызлар койлегі. Говор тілінде “*сарафан*” сөзі жиналған кең юбка. Сонымен ішкіжүйелік этнографиялық лакундардың өр түрлі типтері әдеби тіл мен диалектологияны өзара салыстыру барысында қалыптасады. Белгілі бір аймактағы диалект сөздерді қолданушылардың мәдениеті мен түрмистық ерекшеліктерінің бейнесі ретінде түсіндіріледі.

Сонымен, біз жогарыда біркатор ғалымдар енбектерін қарастыра отырып, тіл білімінің лингвомәдениеттапу саласы аясында сөз етілетін тілдік бірліктердің бірі - лакуна жөнінде айтып өттік. Кейбір әдебиеттерде лакун сөзі казақтың *актаңдак* сөзімен мағынасы мен қызметі жағынан тығыз байланысты сөздер дең карастырады. “*Ақтандак*” сөзі жетіспейтін орын, өткізіп жіберу дең мағынада түсініледі дең тікірді айтып өтеді. Дегенмен зерттеуші тарихтагы 1937 жылғы қазақ зияншыларының құғын-сүргінге ұшырауымен байланысты болған “*актаңдак*” ұғымымен шатастырмая үшін өз ғылыми-зерттеу жұмысында лакуна түсінігінде қолдана береді.

Көптеген зерттеушілер өзара тілдер арасындағы лакунарлық мәселеде салыстырмалы тілдердің тек лексикалық жүйесінде ғана айырмашылық

болмайтындығын, сонымен қатар грамматикалық құрылышында да грамматикалық лакундардың болатындығын айтып өтеді. Орыс ғалымы В.Л. Муравьев орыс тілінін грамматикалық категориясымен үқас француз тілінін *ton*, *ton*, *son* сияқты сын есімдерінің кеңінен қолданылатындығын атап өтеді. Бір тіл мен екінші бір тілдің грамматикалық құрылышында лакун мәселесінде айырмашылықтың болатындығы жөнінде сонымен бірге Ю.С. Степанов, А.И. Белов, И.Ю. Марковина, И.В. Томашева, Л.С. Бархударов.

Тілдің ішкі құрылышындағы грамматикалық лакундардың әр түрлілігі мен көптігі туралы Г.В. Быкова сөз етіп өтеді. Мәселен, жекеше түрдің I жағында қолданылатын стістік формаларының берілуінде “бос кеңістік” болатындығын бороздить-борозжу, вакситъ-вакшу, дерзить және т.б. мысалдармен дәлелден отеді. Мұндай грамматикалық лакундардың әр түрлілігін автор узуальды (ләпекер) дең атайды. Грамматикалық лакундардың екі негізгі гүрі бөлійніп шын ады: сөз түрлендіруші және сөз тудыруши лакундар. Бұлардың әркайсысы тілде өзіне тән бос кеңістіктің туындауына негіз болады.

Лакуна мәселесінде ғалымдар Ю.А. Сорокин, И.Ю. Марковина “Текст и его национальная специфика” мақаласында лакунның төрт түрін атап көрсетеді: субъекттік лакундар, қызметтік лакундар, мәдени кеңістік лакундар, мәтіндік лакундар. Мәдени кеңістік лакундар түпнұсқа мен аударманың мәдени фонының сәйкесіздігін бейнелейді. Мәтіндік лакундар белгілі оқырманға бағытала отырын, карым-қатынас құралы ретінде бекіту формасы коса алынған арнаулы мәтінге негізделеді.

Лакундардың толтырылуы – басқа мәдениет адамына түсініксіз болған мәтіннің кейбір бөлігінің мазмұнның ашып көрсетілуі. Лакундардың толтыру тәсілдерінің кең тараған түрі мәтіндегі аударма, аудармадағы басқа мәдениет элементтерінің түсініктемесін беру. Көркем аударма мәтініне ескертпе қосылмаган немесе мәтін сонынан создік ретінде беріледі. Лакундардың орнын толтыру (компенсация) бір тілден екінші бір тілге мәтіннің аударылу барысында мәтіндегі ұлттық мәні бар өзіндік кедергілерді алып тастау үшін және өзге ұлт мәдениетінің сол немесе басқа үзіндісін түсіну мақсатында мәтінге оқырманның өзіндік мәдениетінің арнаулы элементтерін енгізу болып табылады [45,83].

### **III.3. М.ӘУЕЗОВТІҢ “АБАЙ ЖОЛЫ” РОМАНЫНЫҢ ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫНДАҒЫ ЛАКУНА МӘСЕЛЕСІ**

Біз ғылыми зерттеу жұмысымында классик жазушы М.О. Әуезовтің “Абай жолы” роман-эпопеясын негізге ала отырып, көркем аударма өнеріндегі лингвомәдениеттану бағытының лингвокультурemasы немесе единицасы болып табылатын лакун мәселесін қарастырдық. Шығарма Л.Соболев редакциясы басқаруымен 1958 жылы аударылған. Кітаптың I томын аудармашылар А. Никольская, Г. Нұрғазина және Л.Соболева аударса, II томын З. Кедрина мен Н.Анова аударған. Жоғарыда айттып өткеніміздей, лингвомәдениеттану бойынша аз да болса ғылыми еңбектер жарықта шығып, бірқатар ғалым зерттеушілер қатары өзіндік пайымдаулары мен тұжырымдамаларын білдіріп

өтеді. Біздің максатымыз - “Абай жолы” романы бойынша орыс тіліне аударылған сөздер мен сөз тіркестерінің, сөйлемдердің лингвомәдени ерекшеліктерін анықтау, лакундық күбылтыстың мәні мен маңызын айқындау.

Ғылыми зерттеу жұмысында ғалымдар В.А. Маслова, В.В. Воробьев тұжырымдарына сүйене отырып, лакун аныктамасын зерттеу бағытында, **лакуна** (куыс, кеңістік, тастаң кету, аралық)-белгілі бір тілдегі сөз не мағынаның болмауынаң басқа бір тілдің түсінігі не мәдениеті арқылы берілетін, накты бір тілдегі кейбір сөздер мен түсініктердің екінші бір тілде болмауының негізінде нақта болады. Лакун сөздер кандай да бір ұлттың мәдениетіндегі кажетсіз болса да белгілі бір аспектінің маңызызыз белінісінің нәтижесінде туындаиды.

Көркем мәтіннің лингвомәдени талдауы дегеніміз – реципиентке беймөлім болған тілдік материал негізіндегі әдеби шығарманы оның қабылдауы мен түсінуі, сондай-ақ, берілген мәтіннің идеялық-көркемдік өзіндік шенберінде негізгі лингвокультуралардың мәнінің ашылуы.

Көркем аудармада көркем шығарманы лингвомәдени шенберде талдаудың бастапкы кезеңі лингвомәдени түсініктеме беріп өту[4,217].

Біз галым Г.А. Қажығалисаның ғылыми тұжырымдамасына сүйене отырып, лингвомәдени түсініктемеде көркем мәтінмен жұмыс істеуді бірнеше кезенге бөлуді дұрыс кореміз:

-көркем мәтінмен түскілікті таныс болу (көркем мәтіннің авторы туралы акпаратқа ие болу, шығарманылық жолымен таныс болу, шығарманың тууына негіз болған жайтардан хабар болу);

- көркем мәтіннен лингвомәдениеттанудың баламасы жок тілдік бірліктерін таба білу;
- лексикалық единицалардың денотатпен сәйкестігін сөздіктер мен анықтамалыктарға сүйене отырып табу.

Осы кезендерден откеннен соң лакундарды анықтаймыз. Жоғарыда көрсетілген кезендердің жұмыс нысаны етіп анықтау, хабарлау, салыстыру және айыруды аламыз.

Зерттеу барысында “Абай жолы” романынан баламасы жок тілдік единица болып табылатын көптеген мысалдарды қарастырдық. Мәселен, *Оспан дәл осы кезде Абайда босай сала қымыз бетіне үніліп түрған Смағұлды желкесінен түйін-түйін калыш, қымыздың ішіне бет-аузы мен құлағына шейін батырып жіберді*[Іт.:2,92]. – *Оспан коршуном кинулся на братишку, дал ему несколько подзатильников и с торжествующим хохотом окунул его головой в кумыс*[Іт.:1,125]. Орыс тіліндегі сөйлемде “қымыз” сөзі баламасыз лексика түрінде танылады, ейткені, қымыз – жылқы сүтінен дайындалатын қазақ ұлттық сузыны болып табылады.

Енді лакун мәсселесін сөйлемдер негізінде талдаپ көрейік. Мысалы: **Кәмишат борік**, мақнал шапан, жібек шапан киген қыздар көп [Іт.:2,210]. Кругом собралось много молодежи-жигитов и девушек в **камчатных шапках**, в бархатных и шелковых чапанах [Іт.:1,230]. Басында сол **кәмишат борік...** [Іт.:2,306]. Та же **бобровая шапочка**, то же серебреное шолпы в волосах [Іт.:1,329]. Тек басындағы **боркі** ғана келмейді. Көнелеу, сарғыш **құндызы** екен

[I,2,181]. Но все портила порыжевшая и поношенная ***бобровая шапочка*** [I,2,331]. Енді осы сөздердің кейбіреуін лакун тұрғысынан талдауға кірісеміз. Сөйлемдерде келтірілген бас киім атауларын біз қандай мағына беретіндігін әр түрлі сөздіктерден карастырдық. 1999 жылы баспа бетінде жарық көрген “Казак тілінің түсіндірме сөздігінде “**кәмишат**”” және “**құндызы**” сөздеріне мынадай анықтама беріліп отілген: “**Кәмишат**”-кеміргіштер отрядына жататын терісі өте бағалы аң (КТТС-292). “**Кәмишат борік**” – кәмшат терісінен жасалған бас киім (КТТС-292). “**Құндызы** - өзен-көлде тіршілік ететін терісі өте бағалы аң”(КТТС-423); Енді белгілі ғалым Қ. Бектаевтың “Улкен қазақша-орысша, орысша-қазақша” сөздігіндегі сөздерінің аударылуына тоқталсақ, “**құндызы**” сөзінан орыс тіліндегі аудармасы – “**бобер, боровый, бобр, нутрия**”, “**кәмишат**”– “**бобр, бобер**”. Орыс ғалымы С.И. Ожеговтың “Словарь русского языка” еңбегінде “**бобр**”- “**грызун с ценным мехом, живущий колониями по лесным рекам**”. **Болотный б.(нутрия).** “**кәмишат**” – “**бобер, бобер**”, “**кәмишат, бұлғын**” –“**соболь**” деген анықтама берілген. Бұл жерде аудармашы мәтіннің контекстік-стильдік бояуын қанық беру үшін қолданыстық сипаттың орай “**кәмишат борік**” сөз тіркесін “**камчатная шапка**” және “**бобровая шапочка**” деп екі түрлі аударады.

“**жаулық**” сөзіне - Қалың топ, ақ **жаулықты** келіншектер, үкілі **кәмишат борікті** кыздар корінді (I,181). Приближалось большая толпа; женщины в белоснежных головных **повязках**, девушки – в **камчатных шапках** (I,204). “**жаулық**” сөзінің аудармасы – “**платок**”, ал “**повязка**” сөзінің қазақ тіліндегі баламасы – “**байланған шуберек, бинт, таңғыш (мед.)**”. **Жаулық** – күйеуі бар әйелдердің басына салатын орамал. Аудармада жаулық повязка болып аударылған. Өйткені, орыс халқының мәдениетінде **жаулық** түсінігі жоқ, себебі, **жаулық** – казақ әйелдерінің ұлттық бас киімі болып табылады. Сонымен бірге аудармада “**ақ жаулық**” сөз тіркесі “**белоснежных головных повязках**” деп берілген. Ал С.И. Ожегов сөздігінде “**повязка**”-1. кусок ткани, **повязываемой на что-н.. 2.бинт или иной материал, которым завязано большое место.** Орыс тіліді оқырман ақ жаулықтың **повязка** болып берілген аудармасынан бас жаракаттанғандығы байланатын таңғыш немесе бинт ретінде түсініү мүмкін (ассоциациятті лакун түрі). Сондықтан ғаламның тілдік бейнесінде ұлттық мәдениетімізді танытатын сөздер тобының бүрмаланып берілуіне әкелуі мүмкін. “**Ғаламның тілдік бейне-көріністері** әр тілдің өзіне ғана тән ерекшеліктеріне, әр халықтың дүние-ғаламның түрлі түсін өзінше мүшелей тануына, ол фрагменттерді өзінше бейнелеп атауына байланысты тілтілде өзгеше болып өрілсі” [31,64].

“**шекпен**”. Жыртық – шокпыт **тон-шекпенге** оранған, дімкәс кемпір-шалдар байкалды (I, 387б.). Бродили старики и старухи, одетые в остатки **шуб и чекменей** (I, 408стр.). Жаланаң етке киген **шекпені** жыртылған (I,387). На голое тело его был налет рваный **чекпень**(I,408). Болмаса, **сүр шекпенді** кигізіп, бойын кеездеп, айдатқанша тоқтамасын-Иначе не успокоюсь и я, пока не измерив роста, не наденут на него **серого кафтана** и не сошлют подальше. Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде **шекпен** сөзіне мынадай анықтама берілген: “Долгополая верхняя форменная одежда казачьих офицеров”. Шекпен Дон

казактарының әскери киімі болып табылады. *Кафтан* сөзінің орыс тіліндегі мағынасы – *старинная мужская долгополая верхняя одежда*. Қазак тілінің сөздік корында *кафтан* лексемасы жок. Аудармашы қазактың ұлттық тегін насиҳаттайтын сөздердің кейбірін аударып, кейбірін тастап кеткен. Осыдан мыналай тұжырым шығаруға болады: біздің ұлттық сөздерімізді білмейді деген ой туады. *Кафтан* сөзі қазак тілінде лакун болып табылады.

*Тымак* сөзіне – Басында көкшіл сұрғылт жібекпен тыстаған жұқа қара *елтірі тымагы* байқалады (I,272). На голове *шапка из мерлушек* с серебристым шелком (I,182). Ол ғана емес, қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын тәбе *тымакқа* үкі тағып алу бұл өнірдің бар қүйеуіне жол болатын (I,180). Согласно обычаю, жених должен нахлобучить на голову *малахай* с высоким верхом, увенчанный пучком перьев филина, надеть чапан красного сукна и сапоги на высоких каблуках, чтобы отличаться от всех остальных (I,203). *Үкілі тымак*, қызыл шапан қоржында (I,180). *Малахай с пришитыми перьями* и красный чапаң-все это было спрятано в переметную суму (I,203). Енді малақай және тымак сөздеріне сөздік көмегімен түсініктеме беріп отсек: “*Малақай*” – құлағы бар жылы бас киім, құлақшын. “*Тымак*”- аң терісінен жасалып, сұықта киетін бас киім. Нактылап талдасақ, тымак-әр түрлі аңдар мен мал терілерінен жасалатын ерлердің қысқы бас киімі. *Тымак* бас киімі жалны казак үғымында жақсы, белгілі, бай адамдардың бас киімі болып табылады. Тымактың жасалу үлгісі әр жердің ерекшелігіне қарай әр түрлі болады. Ал малақай ортақ үғым, яғни бас киім түрлерінің жалпы атауы. Орысша нұскада *тымактың “малахай”* түрінде келуі біздіңше дұрыс емес. Себебі дәулетті, қүлі адамдар бұрынғы кезде бас киімді тымак деп атап, ал қарапайым адамның бас киімі-малақай түрінде танылған.

“Абай жолы” романының I томының 186-бетінде: “Бастарына еркектің бас киімін киіпті. Қара макиалмен тыстаған жұқа қара *елтірі тымақтары* бар. Қыз кимейтін бас киімнің артын алдына келтіріп, теріс киіпті” түрінде берілген. Орыс тіліндегі нұскасында: “По внешний вид двух девушек, выехавших вперед, действительно был совсем необычным: на головах их был мужской головной убор-черные тонкие *шапки из мерлушек*, крытые черным же бархатом. Но мало того, что обе надели головной убор, не принятый у девушек, - они надели его задом наперед, прикрыв на затыльниками лица” (I,218). Бұл жерде *тымак* сөзі енді *малахай* түрінде аударылмай, *шапка* болып аударылған. Тымак сөзі этнолингвистикалық ролінде атқарып тұр. *Тымак* сөзінің аудармасы этномәдени ерекшелік принципімен аударылмаған. Біздіңше, этнолингвистикалық негізге сүйенген тұрдес *елтірі тымак* сөзі *тымак из мерлушек* түрінде аударылуы тиіс. Тымак бас киімі тек қазак халқына ғана тән бірден-бір ұлттық киім болып табылады (көршілес оңтүстік-шығыс башқорттарда: *колаксын* деп аталады). Сондықтан да бізне, мәтіннің аудармасынан кейін *тымак* сөзіне толық түсініктеме берілуі керек. *Тымак* сөзі лакун түрлерінің ішінде этнографиялық лакунға мысал бола алалы.

*Күріш* сөзі бойынша - *Босагада малшы қатын үлкен қубіге іркіт пісіріп тұр*. Бір жағынан кең қазанды *курт* кайнап жатыр екен. Ет асқысы келмеген үйтеге ол бір жақсы сылтау болатын (I,156).- *У самой двери скотница готовилась*

*вариль овечий сыр.* Ен алдымен “құрт” сөзінің мағынасын ашып, талдап көрсетейік. “Кұрт”- қатықтан әр түрлі етіп жасалып, кептірілген сұт тағамы (ҚТТС, 427); “Кұрт” – спрессованный творог; курт-(шарики или лепешечки из отжатого и засушенного творога) [53,214]. “Сыр” – ірімшік [17,654]. Ал С.И. Ожегов сөздігінде “сыр” созіне – пищевой продукт в виде твердой или полутвердой массы, приготовляемой из заквашенного особым способом молока” [44,774] түрінде түсініктеме берілген. Бұл мысалда “құрт” сөзінің “сыр” болып аударылуы лакун. Әйткені, түрколог Е.Н. Шипова енбегінде “курт” сөзі аударылмай, түшінұсқасында көрсетіле отырып, түсініктеме беріліп өтілген. Аудармасы біздінше, бұл жерде қазак тіліндегі “құрт” сөзін “сыр” деп аудармай, сол түшінұсқасында келтіріп әтуі тиіс. Бұл жерде орыс тіліндегі “сыр” сөзін берер мағынасы тіпті басқа, ол жалған балама болып табылады.

*Қазы - Ылғи бір түрілген қазы, тоңкерілген жасас құйрық, сары алтындаи балқыган жасал, жеселін майлар...Әрбір екі табактың бірінде, әлгінің үстіне бір-бір қоңыр бас орнанты. -Ой, тұздықтарың қайда? (I,120).- Четыре джигита с глубокими блюдами, наполненными мясом. Толстые казы, слоящиеся кюрдюки, желецное сало загривка и вымени... Голова барана увенчивала каждое второе блюдо. -Эй, где туздык? (I,157). “Қазы”- жылқының тостікten төменигі майлы еті[34,365]. “Қазы” – жюри, судья, конская колбаса [17,264]. “Қазы”- колбаса, начиненная мясом и жиром, находившимся около ребер [53,152]. “Колбаса” – пищевой продукт, особо приготовленный мясной фарш в прозрачной непроницаемой оболочке из кишки[44,272]. “Колбаса” - шүжық [17,561]. Соңда мұнда байқағанымыздай, “қазы” сөзі “колбаса” түрінде ауларынмауы керек. “Колбаса” сөзінің баламасы жоғарыда аталғандай, “шүжық”. “Шүжық” – сан, жон еттерін ұсақтап турап, содан кейін ішекке салып дайындастып тағам[43,197]. Қазак ұлттық тағамдары болып табылатын “қазы” мен “шүжық”тардың дайындалу үлгісі әр түрлі. Соңдықтан, “шүжық” сөзі орыс тілінде “колбаса” түрінде келуі мүмкін, алайда “қазы” “казы” мәтінде де, сілтемеде де өзінің түшінұсқадағы қалпымен берілуі тиіс.*

*“Жал” – подгривная часть конской туши; “сало”- май; “жир” – май. “Жал”-жылқының, күшінін жал майы[34,197]. “Сало”-жировое отложение в теле животного[44,685]. Қазактың ұлттық түсінігінде “май”-“жир” ұғымдары бірдей, осы себептен, аудармада “желецное сало загривка” түрінде аударылмай, “желтый подгривный жир” деп берген дұрыс.*

Ұлы жазушы М.О. Өуезовтің “Абай жолы” романының кос тілдегі нұсқаларын ала отырып, біз мәтіндеңі сөздер мен сөз тіркестерінің аударылу ерекшелігіне көніл аулардық. Сөздер мен сөз тіркестерінің орыс тіліне аударылуында сөздердің этиолингвистикалық сипатта карастыра отырып, екі тілдегі лакун мәселесін котере білдік. Осы негізде мынадай пікірді қосып өткенді жон дең сараймыз. Әрбір мәдениеттің өзіне тән кілтті сөздері болады. Қазак мәдениетінде ондай сөздердің катары әлі толық қалыптасқан жоқ. Мәдениеттің кілтті сөзі болу үшін сөз жалпы қолданыстық, жиілік сипатта келіп, фразеологиялық оралымдар мен мақал-мәтелдер құрамында болуы керек. Бір тәлден екінші бір тілде аударылған әрбір сөз дұрыс аударылуы үшін сөздік керек. Аударма ісінде білімлі колдану және қарым-қатынас жасау мақсатында,

екінші тілді үйренуде, өр түрлі тілдердің лексикалық жүйесімен салыстырмалы танысуда, тімен дербес жұмыс жасауда сөздіктің рөлі өседі.

Көс тілді аударма сөздік қордың толық өрі нақты стилистикалық және семантикалық сипатына ие болуы керек. Көс тілдік сөздіктерді құрастыру алдында ариаулы лексиканың семантикалық және құрылымдық ерекшеліктері анықталынып берілуі керек.

Осындай жұмыс көркем мәтінді оқырманның жеткілікті түрде қабылдан, толық түсінуіне мүмкіндік береді және қазак ұлтының этномәдениеті мен ұлттық болмысын көзініп түсініп танысуына жол ашады.

III бөлім бойынша көркем аудармадағы лакун мәселесіне, аудармадағы баламасы жок тілдік бірліктерге, лакундық құбылыс түрлерінің тілдеңі сипатына, М. Әуезовтің “Абай жолы” романының орыс тіліне аударылуындағы лакун мәселесіне тоқталып өттік.

Бұл бөлімнің басқа бөлімдерден ерекшелігі – ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі аркауы болып отырған көркем аударманың лингвомәдени аспектіндегі лакун мәселесіне көзінен тоқталып өту. Яғни, “Абай жолы” романы негізінде көркем аударма, оның ішінде лингвомәдениеттану бағытында қарастырылатын лакун мәселесінің теориясы мен практикасының қызметін, мәп-маңызын, рөлін, т.т. ашып қарастыра білдік.

Лакундардың толтырылуы – басқа мәдениет адамына түсініксіз болған мәтіннің кейбір болған мазмұнының ашып көрсетілуі. Лакундардың толтыру тәсілдерінің кең тараған түрі мәтіндегі аударма, аудармадағы басқа мәдениет элементтерінің түсініктемесін беру. Көркем аударма мәтініне ескертпе қосылмаган немесе мәтін соңынан сөздік ретінде беріледі. Лакундардың орнын толтыру (компенсация) бір тілден екінші бір тілге мәтіннің аударылу барысында мәтіндегі ұлттық мәні бар өзіндік кедергілерді алып тастау үшін және өзге ұлт мәдениетінің сол немесе басқа үзіндісін түсіну мақсатында мәтінге оқырманның озіндік мәдениетінің ариаулы элементтерін енгізу болып табылады.

Біз ғалым Г.Л. Қажығалиеваның ғылыми тұжырымдамасына сүйендік. Лингвомәдени түсініктемеде көркем мәтінмен жұмыс істеуді бірнеше кезеңге бөліп өттік. Яғни:

-көркем мәтінмен түнкілікті таныс болу (көркем мәтіннің авторы туралы акпаратқа ие болу, шыға оманылық жолымен таныс болу, шығарманын тууына негіз болған жайттардан кабар болу);

- көркем мотінен лингвомәдениеттанудың баламасы жок тілдік бірліктерін таба білу;
- лексикалық единицалардың денотаттен сөйкестігін сөздіктер мен аныктаамалықтарға сүйене отырып табу.

Осы кезеңдерден откеннен соң лакундарды анықтадық. Жоғарыда көрсетілген кезеңдердің жұмыс нысаны етіп анықтау, хабарлау, салыстыру және айыруды алдық.

Осындай жұмыс коркем мәтінді оқырманның жеткілікті түрде қабылдала, толық түсінуіне мүмкілік береді және казак ұлтының этномәдениеті мен ұлттық болмысын көзінен түсініп танысуына жол ашады.

## КОРЫГЫНДЫ

Қазіргі күні лингвистикада аударма мәселесі дербес, арнайы зерттеуді талап етеді. Жазушы, ғалым М.Әуезов қазақ тіл білімінде аударма теориясы ғылымның бір дербес саласы болып жетілмегендігін, қалыптасып есеку күйінде ғана екендігін атап өткен болатын[13,6]. Аударматануда аударма теориясының негізгілері, аударматану ғылымының объектісі мен ұстанымдары, әдіс-тәсілдері мен бірлік тұлғалары, аударманың нормасы, аударма ісіне қойылатын талаптар сиякты маңызды ғылыми түрғыдан бүгінгі күнге дейін толық аныктала қойған жоқ. Аудармашының екі тілді жетік білу талабы қойылады; екі тілді жетік білу - кез келген ситуациядағы коммуникативтік актіде екі тілде өз ойын еркін жеткізе алу деген сез. Қоғам мүшесінің, жеке адамның екі тілді жетік білуі – ғылым одағы «субординанті қостілді адам» (билингв) және «координативті қостілді адам»(билингв) ұғымдарымен байланысты. Бұл – қазақ ғылымында анық – қанығы ғылыми дәлелдене коймаған күрделі мәселе. Біздің объектімізге қарай маңыздысы – аудармашының тілдерді менгеру деңгейі. Әсіресе қазак тіліне аудару үшін аудармашының қазақ тілін жоғары деңгейде менгеруі – білуі айрықша рөл аткарады. Аудару ісімен шұғылданатын адамның қазақ тілін жетік білуіне бөле – жара пазар аудартуымыздың себебі бар.

Тіл білімінде соңғы жылдары лингвомәдениеттану деп аталатын бағыт тіл білімінің басқа да когнитивті, антропологиялық бағыттары катарына қосылған жас салалардың бірі болып табылады. Жалпы, лингвомәдениеттану – сонғы жылдарда лингвистика мен мәдениеттанудың түйіскен тұсынан туындалған отырған жаңа ғылым. Лингвомәдениеттану саласы жайында, жалпы бұл саланың объектілері, единицалары мен пәні жөнінде орыс тіл біліміндегі алғашкы көзқарастар В.Телляның, В. Воробьевтің, В. Маслованың еңбектерінен көрініс таққан. Міне, сондықтан тіл білімінің лингвомәдениеттану бағытының негізгі категорияларының бірі болып табылатын аудармадағы лакун мәселесі жөнінде тоқталуда, ең алдымен лакун түсінігінің мәні мен қызметіне, лакундық күбыныс түрлерінің тілдегі сипатына, аудармадағы оның рөліне тоқтаудық. Ұлы жазушы М.О. Әуезовтің “Абай жолы” романының екі тілдегі (қазақ және орыс тілдеріндегі) иүсқасын салыстыра отырып, мысалдар негізінде аудармадағы лакунның теориясы мен практикасын ашып көрсетуді жөн кордік. Өйткені, мәдениет - бұл адамзаттың өзінің қоршаған ортасында іскерлігі мен алға қарай үмтүлүүнін нәтижесінің ерекше бейнесі ретінде табигатқа қарама-қарсы қойылатын ғылым салаларының бірі. Яғни, мәдениет-адамзаттың жемісі, гүншісі. Лингвистика категориясы ретіндегі мәтін ұғымы - адамзаттың арнайы құрастырып қалыптастырған туындысы. Мәтін ұғымының тілде бірнеше анықтамасы көрініс табады. Мәтін (лат.-дәнекер, құрылым). Мәдениеттің ғаламдық түсінігі мәдениет субъектісімен шексіз, шектелусіз мәтін ретінде қабылданады.

Біз ғалым Г.А. Қажығалиева әдісіне сүйенген түрде зерттеу объектісі ретінде “Абай жолы” нығармасын ала отырып, оған лингвомәдениеттану түрғысынан талдау жүргіздік.

Көркем мәтіннің лингвомәдени талдауы дегеніміз – реципиентке беймөлім болған тілдік материал негізіндегі әдеби шығарманы оның қабылдауы мен түсінуі, сондай-ак, берілген мәтіннің идеялық-көркемдік езіндік шеңберінде негізі лингвокультуралардың мәнінің ашылуы.

Көркем аудармада көркем шығарманы лингвомәдени шеңберде талдаудың бастапкы кезеңі лингвомәдени түсініктеме беріп өту[1, 217].

Біз ғалым Г.А. Қажығалиеваның ғылыми тұжырымдамасына сүйене отырып, лингвомәдени түсініктемеде көркем мәтінмен жұмыс істеуді бірнеше кезеңге бөліп өттік:

- көркем мәтінмен түскілікті таныс болу (көркем мәтіннің авторы туралы ақпаратка ие болу, шығармашылық жолымен таныс болу, шығарманың тууына негіз болған жайтардан хабар болу);
- көркем мәтіннен лингвомәдениеттанудың баламасы жоқ тілдік бірліктерін таба білу;
- лексикалық единицалардың денотатпен сәйкестігін сөздіктер мен анықтамалықтарға сүйене отырып табу.

Осы кезеңдерден откөзгінен соң лакундарды анықтадық.

Жұмыста ең алдымен лакун үғымына түсінік беріле отырып, оның түрлеріне тоқталынды. Тісдені лакундық құбылыс түрлерінің мәні мен негізгі сипаты мысалдармен дөлелденілді. Аудармадағы баламасы жоқ тілдік бірліктер және лакун арасындағы өзара ұқсастықтар мен басты ерекшеліктер мысалдар арқылы түсіндірілді. Аударма мәтіннің лакун топтарының түрлері: субъекттік, қызметтік, модени кеңістіктегі, мәтіндік лакун түрлері сөз етілді. Аударма мәселеінде лексикалық лакундармен қатар грамматикалық лакун түрлерінің бар екендігі ғалымдар пікірлерімен салыстырылды.

“Абай жолы” романы бойынша орыс тіліне аударылған сөздер мен сөз тіркестерінің, сөйлемлер ің лингвомәдени ерекшеліктерін анықтау, лакундық құбыстыстың мәні мен маңызын айқындауда тәмендегі міндеттер жүзеге асырылды:

➤ қазақ халқының дәстүрлі колонеріне (киіз үй, ыдыс, мата және ұлттық киім атаулары) қатысты атаулардың аударылу ерекшеліктеріне мән бере отырып, олардың лакундық аспектісін карастыру;

➤ қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығына тән атаулардың (оның ішінде, тол атаулары, ұлттық тагамдар, аң аулаудағы айла-тәсілдер) бір тілден екінші тілге аударылу мәні, олардың аудармадағы лакундық сипаты;

➤ қазақ халқының салт дәстүрлеріне байланысты атаулардың (ұлттық ойын түрлері, асық түрлері) аудармадағы лакундық сипатын талдап айқындау;

➤ адамға байланысты атаулардың (адамның жасына, қызметіне, дene пішініне, мінез-құлқына байланысты атаулар) аударылуындағы баламаларды лакундық тұрғыдан саралап айқындау.

Көркем аудармадағы лингвомәдениеттану ілімінде лингвокультуралардың бір түрі болып халықтың езіндік бағалы сыр-сипаты бейнеленетін екінші моделдеуін жүйе түріндегі әдеби шығармалар жатады. Міне, сондыктан да біз жұмыстың нысаны етіп “Абай жолы” роман-эпопеясының екі тілдегі нұсқасын

қатар ала отырып, аударма негізінде көркем аудармадағы лакун мәселесіне көніл болдік. Сондай-ақ, ор түрлі деңгейдегі сөздіктермен жұмыс жасай отырып, ұлттымыздың материалдық және рухани мәдениетіне қатысты атаулардың коркем аудармадағы лингвомәдениеттану аспектісі аясында карастыра отырып, оларды лакундық түрғыдан көрсетіп өттік. Жалпы, аудармадағы лакун қызметін айқындауда көркем әдеби шығарма негізінде картотека-мысал ұлғілері жинақталып талданды.

## ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Азроянц Э.А. Современная картина мира. Формирование новой парадигмы. Москва: Новый век, 2001.-260стр.
2. Айтбаев Ә. Аударма ғылымы және оның зерттелуі. Алматы: Ғылым, 1987.-308б.
3. Академик А.Х.Марғұланиң 100 жылдығына арналған “Көшпенділер оркениеті мен рухани мәдениетінін тарихы” Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, Павлодар, 2004, том-2, 458б.
4. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. Алматы: Арыс, 1998.-215б.
5. Алдашева А.Жаңа атаулар. Ана тілі, 1992.-126б.
6. Алтыбаева С.М., Маданова М.Х. Художественный перевод и сравнительное литературоведение. Алматы: Респ.издат.каб.Каз.ак.обр. им И.Алтынсарина, 2000.
7. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы: Санат, 1997.-697б.
8. Ауэзов М. Абай. Роман-эпопея в 2 книгах. М., Гос. Изд. Худ. Лит., 1958.
9. Ахметов З. Казахское стихосложение. Алма-Ата: 1964.-460б.
- 10.Ахметов С.М. Әуезовтің көркем аудармадағы шеберлігі. А.: Мектеп, 1976.-159б.
- 11.Ахметжанова З.К.Функционально-семантические поля русского и казахского языков. Алматы: АГУ им. Абая, 1989.-609б.
- 12.Әбілов А.Ә. Көркем аударма шеберлігі. Монография. Алматы: Қазақ университеті, 1997.-156б.
- 13.Әлімқұлов Т. Жемісті жолда. Коркем аударманың кейбір мәселелері. А.: Қазмемкөркемәдеббас.,1957.-50-66б.
- 14.Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. 4-томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазуышы, 2003.
- 15.Әуезов М. Абайтану ләрістерінің дерек көздері. Алматы: Санат, 1997.-442б.
- 16.Әуезов М. Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері. А.:1957.-312б.
- 17.Бектаев Қалыбай. Үлкен қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік. Алматы: “Алтын казына”, 2001.-704б.
- 18.Бельгер Г. Тихие беседы на шумных перекрестках. А.:Арыс, 2001.-148б.
- 19.Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. А.:Мектеп.-1975.-307б.
- 20.Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. М.:Высшая школа, 1973.
- 21.Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы): Монография. – М.: Изд-во РУДН, 1997. - 331с.
- 22.Гачев Г. Путешествие в казахский космос. Семей: Международный клуб Абая, 2002.-218б.

- 23.Гачев Г. Национальные образы мира. Москва: Сов. Писатель, 15-1988.-448с.
- 24.Елисеев И.А. Словарь литературоведческих терминов. Ростов-на-Дону: Феникс, 2002.-320с.
- 25.Жекеева К. Көркем аудармадағы ұлттық болмыс және шығармашылық іздештер. А.: 2002.-246.
- 26.Жанәбілов Ш. Қазакша мал атаулары. А.:Қайнар,1982.-149б.
- 27.Жаппейсов Е.Н., Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Ауэзова).-Алма-Ата: "Наука", 1989.
- 28.Жаппейсова С. Лексика духовной культуры казахского языка. Алматы, 1993.
- 29.Жюль Марузо. Словарь лингвистических терминов. М.:Едиториал УРСС, 2004.-440стр.
- 30.Исмакова А.С: Возвращение плеяды. А.:НИЦ Ғалым, 2002.-199с.
- 31.Кажигалиева Г.А. Культурологический аспект в работе над художественным текстом. - Алматы: "Айкос", 2000. – 249с.
- 32.Комиссаров В.Н. Лингвистика перевода. М.:Международные отношения, 1980.-166с.
- 33.Краткий этимологический словарь русского языка. Под ред.Бархударова С.Т.Москва: Просвещение, 1971.-538с.
- 34.Қазак тілінің сөздігі. Жаптузаков Т.А.: Дайк-Пресс, 1999.-774б.
- 35.Маслов Ю.С. Введение в языкознание: Уч.пособие. М.:Высшая школа, 1998.-272с.
- 36.Маслова В.А. Лингвокультурология. Учебное пособие. М.:Академия, 2001.-208с.
- 37.Материалы научно-методической конференции, посвященной памяти пр.М.М.Копыленко.А.:1999.
- 38.Материалы международной конференции: Казахстанская филология: проблемы и перспективы. А.:АГУ им. Абая, 6-8 мая, 2002.
- 39.Мечковская Н.Б. Социальная лингвистика. М.:Аспект, 1996.-73с.
- 40.Менгерякова М. Інтература в таблицах и схемах. М.:Айрис-Пресс, 2002.-216.
- 41.Мың бір мақал жырыма үш жоктау. Ахмет Баржақсы баласының жинағы. А.: Қазакстан, 1993.-946.
- 42.Нұргалиев Р.Н. Шаңырак (энциклопедия). Алматы: 1989.-568б.
- 43.Ожегов С.И. Словарь русского языка. М.: "Русский язык", 1989.-924с.
- 44.Пылаева О.Б. К вопросу о разновидностях грамматических лакун. АмГУ.2005-01-24.
- 45.Сагандыкова Н. Основы художественного перевода. А.:Санат, 1996.-206с.
- 46.Словарь-справочник лингвистических терминов. М.: Просвещение, 1985.
- 47.Галжанов С. С некоторых основных проблемах художественного перевода. Алматы, 1961.
- 48.Гелия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. М.:Языки русской культуры., 1996.

49. Гемиргазина З.К. Современные теории в отечественной и зарубежной лингвистике: Учебное пособие: Курс лекций для магистрантов и студентов-филологов. Навлодар: ТОО НПФ “ЭКО”, 2002.-140с.
50. Тіл білімі сөздігі-Словарь по языкоznанию. Алматы: Дайк- Пресс, 1999.
51. Толковый словарь русского языка С. И. Ожегов и Н.Ю. Шведовой.
52. Чуковский К.И. От двух до пяти. М.:Сов.Россия, 1958.-390стр.
53. Шинова Е.Н. Словарь тюркизмов в русском языке.—Алма-Ата, “Наука” КазССР, 1976.-444с.
54. Федоров А. О художественном переводе. М.:1961.
55. Флорин С. Муки переводческие. Практика перевода. М.:Высшая школа, 1983.-180с.